


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

**Б.А.ШИЛБАЕВ.,
Ж.А.ПУШКУЛОВ.,
Д.І.МИНАРБЕКОВ**

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ МЕНЕДЖМЕНТІ

Оқу әдістемелік құралы



«Альманахъ» баспа үйі»

Алматы
2021

ӘӨЖ 796 (075.8)
ҚБЖ 75.1 я73
Ш 56

Пікір жазғандар:

Қайыпчаев Бекбол – Дене шынықтыру және спорт ғылыми тәжірибелік орталығының директоры.

Минарбеков Ізтілеу – М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің «Сұңқар» спорт клубының төрағасы. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы. Қазақстан Республикасының құрметті спорт қайраткері.

Абдраков Бекет – ТарМПУ. «ДШМӘ» кафедрасының профессоры.
М.ғ.к.

Баспаға Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының Ғылыми кеңесінің иешімі бойынша оқу әдістемелік құрал ретінде ұсынылған

Ш 56 **Б.А. Шилібаев** Дене шынықтыру және спорт менеджменті: Оқу-әдістемелік құралы / **Б.А. Шилібаев., Ж.А. Пушкулов., Д.І. Минарбеков.** Алматы, Альманахъ, 2021. – 120 б.

ISBN 978-601-7661-75-5

Жалпы оқу-әдістемелік құралы қысқаша отыз дәрістен тұрады: Дене шынықтыру және спорт менеджменті, оның ішінде дене тәрбиесі жүйесін, принциптерін, дене қасиеттерін, спортшы жас ерекшеліктерін, сабақ құрылымын, сыныптан тыс жұмысты, спорттық жаттығулар құрылымын дайындау, басқару, жоспарлау және бақылау әдістемелерінің маңызын ашу.

Оқу құралы жоғары, арнайы, орта оқу орындарының ұстаздары, мұғалімдеріне және «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының білімгерлеріне, қызмет істейтін нұсқаушы, жаттықтырушыларға арналған.

Sh5.7;140.М.В.

ӘӨЖ 796 (075.8)

ҚБЖ 75.1 я73

Бұл басылымға барлық құқықтар «Альманахъ» баспа үйіне тиесілі. Авторлық құқық иесінің келісімінсіз кез келген тәсілмен көбейтуге тыйым салынды. (Келісімшарт №116, 15.07.2021 ж.)

ISBN 978-601-7661-75-5

© Шилібаев Б.А, Пушкулов Ж.А.,
Минарбеков Д.І., 2021
© Альманахъ, 2021

АЛҒЫ СӨЗ

Осы оқу-әдістемелік құралы «Дене шынықтыру және спорт менеджменті» пәні бойынша «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы студенттерінің оқу процесін тиімді ұйымдастыруға арналған негізгі қажетті оқу-әдістемелік материалдарды құрайды.

Білім беруде кредиттік технологияны пайдаланып, барлық құжаттарды бір кешенге біріктіре отырып, пәнді меңгеру процесінде студенттің білімін, машықтануын және біліктілігін жоғарғы деңгейге көтеру мақсаты көзделініп отыр.

Оқу-әдістемелік құралы әрбір студентке берілетін студенттің білімін тереңдетуге, пәнге деген ықыласының артуына, шығармашылық және зерттеушілік қабілеттері ашылып, одан әрі дамуына себебін тигізеді деп күтілуде.

Дәрістің қысқаша жазбасы студентке қайсы бір тақырыпты қарастыруда неге назар аудару керектігіне бағыт береді, санасына негізгі ұғымдармен терминдерді енгізеді. Пәнді толық меңгеру үшін студент ұсынылған әдебиеттің барлығымен дерлік жұмыс өткізіп және өзіндік жұмысының барлық көлемін орындауы қажет.

Қоғамдағы дене шынықтыру мен спортты негізгі қызметі және түрлерін меңгеру. Дене тәрбиесінен білім берумен тәрбиелеудің принциптерін тәсілдерін және әдістемелерін оқыту. Дене шынықтыруды жас ерекшеліктері әдістеменің негіздерін қарастыру. Спортшының спорттық жарысы мен жүйесі және жаттығулардан тыс факторларды меңгеру.

Дене шынықтыру және спорт менеджменті, оның ішінде дене тәрбиесі жүйесін, принциптерін, дене қасиеттерін, спортшы жас ерекшеліктерін, сабақ құрылымын, сыныптан тыс жұмысты, спорттық жаттығулар құрылымын дайындау, басқару, жоспарлау және бақылау әдістемелерінің маңызын ашу.

Менеджмент іс-тәжірибенің негізінде қалыптасқан постулаттар, принциптер және ережелер арқылы мақсаттар мен міндеттерді дұрыс қою мен оларды оңтайлы шешуге үйретеді. Бұл орайда шығармашылық істің ыңғайы болмаса, бүгінгі таңдағы менеджменттің барлық жаңалықтары тосқан нәтижені оңай бере алмайды. Шаруашылықты жүргізудің жаңа шарттары өндірісті ұйымдастыруда және және ұжымды басқаруда менеджердің атқаратын ролін күшейте түседі және оның жеке кәсіби қабілетіне қойылатын талаптарды қатаңдатады. Басқарудың тиімді жүйесін құру үшін, менеджер кәсіпкерлік білімнің жиынтығын толық түрде біле

отырып, практикалық іс-қызметте оны қолдануға қажетті тәжірибені меңгеруі керек, бұнымен бірге ұжыммен және жеке адамдармен қалай жұмыс істей алатындығын да білуі қажет.

Менеджмент басқарудың мақсатына адамдардың еңбек белсенділігін ынта-ықыласы арқылы көтеріп, олардың тиімді жұмысының негізінде жетуді ұйғарады. Ғылымның бұл түрін білу барысында басқарудың мақсаттарын қою мен дәлелдеу үшін нақты білім және тәжірибелік дағды алуға болады, осы мақсаттарға жету жолында персоналдың күш-қуатын жинастыруға, ғылыми дәлелденген шешімдерді қабылдауға, кадрлар жұмысын жүйелеуге, кәсіпорындарды біртұтас жүйе түрінде басқаруға мүмкіндік береді. Әртүрлі ғылымдар секілді менеджменттің де теориясы болады, онда осы пәнге тән қасиеттер, міндеттер, категориялар, заңдылықтар, принциптер, әдістер, функциялар және өзінің ізденіс жолы қамтылады.

Басқару адамдардың нарасаттылық нысаналы іс-қызметінің көмегімен қоршаған әлемді бағындыру және тәртіпке келтіру жұмысынан тұратындығы бұрыннан белгілі. Менеджмент – басқарудың маңызды құрамдас бөлігі, оның пәні басқару үрдісіндегі әлеуметтік қатынастардан тұрады. Сөйтіп, менеджменттің ғылым ретінде айналысатын пәні басқару үрдісіндегі адамдардың арасындағы қалыптасатын қатынастар.

Дәріс - 1

Тақырыбы: Әлеуметтік басқарудың теориялық негіздері

Жоспары:

1. Менеджмент туралы түсінік.
2. Спорттың бірыңғай классификациясы.
3. Балалардың дене тәрбиесі.

Менеджмент ағылшынша – басқару, меңгеру, ұйымдастыру, ұйымда немесе кәсіпорында жұмыс істейтін адамдардың еңбегін басқара отырып, алға қойған мақсатқа жетуді ұйымдастыра білу, әлеуметтік, оның ішінде білім беру үрдістерін басқару принциптері, әдістері, құралдары мен нысандарының жиынтығы.

«Менеджмент» ұғымының мәні мен мазмұны «басқару» түсінігіне ұқсас. Сонымен қатар менеджмент жоспарлау, ұйымдастыру, үйлестіру, бақылау, ынталандыру сияқты қызметтерді атқарады. Ғылыми менеджменттің негізін салушы белгілі ағылшын ғалымы Фредрик Уинстоу Тэйлор (1856 – 1915). Оның еңбекті ұйымдастыру және өндірісті басқару жүйесі алғаш рет АҚШ-та 19 ғасыр мен 20 ғасыр тоғысында кең пайдаланыла бастады. Қазіргі замандағы менеджмент, негізінен, барлық экономикалық мектептердің тәжірибелері мен бағыттарының жетістіктерін қорытындылау арқылы дамуда.

Менеджмент мақсат қоюға, жоспарлауға және саясатты қалыптастыруға міндетті. Ол үшін болжам жасайды. Менеджмент бойынша дәлелденген және жоспарланған операциялары бар ұйымдық құрылым жасау, адамдар арасында міндеттерді бөлу және жауанкершілік деңгейді белгілеу, нұсқау шығару мақсатында әр түрлі шешімдер қабылданады.

Қазақстанда менеджмент қағидаттары, тәсілдері, амалдары нарықтық экономиканың өркендеуіне сай кеңінен таралған.

Нарықтық экономикада менеджмент фирманы басқарудың негізгі формасы болады. Менеджмент шешімдер қабылдап, оларды орындауға бағытталған жүйе. Материалдық, еңбек және қаржы ресурстарын пайдалану варианттарының мүмкіндігінше ең жақсы оптималдығын жүзеге асыру кезделеді.

Менеджменттің пайда болуы корпоративтік кәсіпкерліктің дамуымен байланысты. Осы болмыста, фирманың мүліктерін басқару қызметі меншік иесінің өкіліне – менеджерлерге көшеді.

Менеджер деп акционерлердің пайда алуын мақсат ететін, ақы алып фирма қызметкерін ұйымдастыратын жалдама жұмысшылар аталады.

Өндірістің тиімділігін жоғарылатуға мүмкіндік тудырған еңбекті рационалдау мен оның қарқындылығын арттыру шарттарын ашқан Тейлор болды. Бұның пікірі бойынша, осы мақсатқа жету үшін басқару саласында төрт қызмет орындалуы керек: мақсатты таңдап белгілеу, мақсатқа жету құралдарды тандау, құралдарды дайындау, нәтижелерді бақылау. А.Файоль бойынша, менеджердің міндеті: болжау, ұйымдастыру, жарлық ету (жүргізу), келістіру, бақылау.

Дене тәрбиесі жүйесі қоғамдағы экономика, саясат, ғылым және мәдениет саласындағы жүйелермен тығыз байланысты қоғамдық қатынастардың көрінісінің бір саласы есебінде, ол сол жүйедегі жүріп жатқан өзгерістер әсерімен дамып отырады. Дене тәрбиесі жүйесінің қоғамдық өндіріске кіретіндігі осы байланыстардың нақты негізінің бірі болғандығынан. Қоғамдық өндіріске ол қосымша жолдау арқылы әсер етеді. Бұл жүйе тікелей қоғамдық өнім жасауға араласпайды. Бірақ ол осы сфераға өндірістік қатынастардың субъектісі – адам арқылы аралық әсер етеді.

Өзінің әртүрлі формалары арқылы дене тәрбиесінің жүйесі адамның әлеуметтік қызметінің барлық негізгі түрлеріне қатысты.

Бұл адамның қозғалыстағы биологиялық қажеттілігін қанағаттандырып қана қоймайды, сонымен бірге әлеуметтік-жеке тұлғаның қалыптасуын, қоғамдық қатынастардың жетілуін де қанағаттандырады. Адамның денесінің дамуы биологиялық заңдарға бағна отырып, табиғи жолмен де жүзеге асатындығы мәлім. Олайда қазіргі адамның қозғалыс белсенділігі оның дене мүмкіншілігінің қажетті деңгейде ұстауға әлі жеткіліксіз.

Өзінің арнайы функциясымен жүзеге асыра отырып, дене тәрбиесінің жүйесі адамдардың қозғалысы белсенділігінің қажеттілігін қамтамасыз етуге, сол арқылы дененің жетілуін және денсаулықтан жоғары деңгейге жетуін қамтамасыз етуге толық қабілетті.

Тәрбиелік - педагогикалық қызметін жүзеге асыра отырып, толықтай беріледі, дене тәрбиесі мақсаттарына жұмсалатын ұлттық табыстың бөлігі де жоғары болмақ, денсаулық деңгейі және адамдардың жасауы да ұзақ болмақ.

Дене тәрбиесі жүйесі экономикалық қатынастардың дамыған аумағына жатады. Өзінің ұйымдық құрылымы жөнінен күрделі болуына байланысты (мемлекеттік және қоғамдық басқарудың қағидаларын байланыстыра жүргізу) қаржыландырудың материалдық-техникалық жағынан қамтылуында да әртүрлі финанстық көздерді өзіне жинақтады: мемлекеттік бюджет, қоғамдық қорларды.

кәсіпорындар, кәсіподақ, кооперативтік қоғамдар экономикалық жағынан дене тәрбиесі жүйесі дамыған материалдық және материалдық емес өндірісі бар халық шаруашылығының бір бөлігі есебінде көрінеді. Материалдық өндірісінің сала қызметкерлерінің тағай материалдан формағаие болады: спорт құрылыстары, құрал-жабдық, аяқ-киім, киімдер. Бірақ, бұл сфера адамдардың денесінің жетілдіруіне бағытталған өндірістік емес дене тәрбиесінің бастр сферасына қарағанда қызмет көрсету сипатына ғана ие.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Е.Уаңбаев «Дене тәрбиесінің негіздері» 2000ж.
2. Т.Ш.Қуанышов «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі» Алматы 2002ж.
3. С Қалиев «Қазақ тәлім-тәрбиесі» Алматы 2004ж.
4. П. Сабыров «Оқыту теориясының негіздері» Алматы 1993ж.
5. Т.И. Есполов, Ж.Ж. Сулейменов. Менеджмент – Алматы, 2003
6. Веснин В.Р. Основы менеджмента – М: Триада ЛТД, 1996

Дәріс - 2

Тақырыбы: Басқару теориясының негізгі ұғымдары Жоспары:

1. Басқару теориясының негізгі ұғымдарына сипаттама.
2. Жорық басшысы мен оқушылардың біріккен ұйымдық – педагогикалық қызметі.

Дене тәрбиесі мектептің оқу жоспарындағы басқа да пәндермен қатар жеке пән болып табылады. Демек, сабақ кестесі бойынша мұғалімнің басшылығымен сынып оқушыларымен өткізілетін дене тәрбиесі сабақтары дене тәрбиесінен оқу жұмыстарын ұйымдастырудың негізгі түрі ретінде қарастырылады. Бұл өткізілетін сабақтардың сапасын көтері жолында үздіксіз жұмыс істеуге мұғалімді міндеттейді.

Оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық міндеттері әрбір сабақты дұрыс құра білудің негізі болып табылады. Оқу жұмысы ретінде өткізілетін мектептегі дене тәрбиесінің міндеттері төмендегідей болады: жаңа жаттығуларды үйретуде белгілі бір қимыл дағдыларын қайталау және оны берік етіп қалыптастыру, оқушылардың

меңгергендерін тексеру және оны бағалау т.б. Бұл міндеттер сабақтың құрылымына, мазмұнына және оны өткізудің әдісіне әсер етеді.

Сонымен қатар үйрену процесінде шешілуге тиісті гигиеналық міндеттер де қойылады, мысалы: өзінің дамуында артта қалған оқушылардың бұлшық еттерін нығайтады, мүсінді дұрыс қстай білу дағдысын қалыптастырады, терең, дұрыс тыныс алуға үйретеді және тағы басқалар. Жоғарыда аталған міндеттер оқу процесіне енгізілетін болғандықтан педагогикалық міндет болып табылады.

Қандай да болсын дене жаттығулары мен жаттығулардың кез келген тобын үйрету төмендегідей ерекшеліктермен сипатталады:

Оқушылардың белсенді қызметі оқу материалын меңгерудің қажетті шарты. Баланың дене жаттығуларын үйренуі өзінде бар психикалық және дене күшін жұмсауды талап ететін оқу-еңбек қызметі.

Қозғалыс дағдылары жүйесін қалыптастыру. Тек қана қимыл жүйесі оқушылардың дене дайындығының сипатын анықтайды. Бірақ, жүйелер түрлерінің көп болуы нәтижесінде олар дене тәрбиесінің бағытына және оның нақты міндеттеріне байланысты іріктеліп алынуы керек.

Бұл жүйелерді анықтау тәсілдері бір не өзге қимылдарды пайдаланудың көп жылдық тәжірибесімен, олардың теориялық және тәжірибелік негізіне сүйенеді.

Қозғалыс қимылдарына үйрету дене мүмкіндіктерін қалыптастырумен өзара байланысты. Екі процестің өзара шарттылығы үш бағытта көрінеді. Кейбір қозғалыс қимылдарына үйретуді дене мүмкіндіктерінің тиісті деңгейінсіз жүзеге асыру мүмкін емес (мысалы өрмелеуге үйрету қолдың жеткілікті жоғары деңгейін талап етеді); қозғалыс дағдыларының қалыптасуы дене мүшелерінің тиісті деңгейінің бір мезгілде артуымен қоса жүреді (мысалы, кіші допты лақтыруға үйрету күш, шапшаңдық мүмкіндігінің өсуімен қоса жүреді); қалыптасқан дағдының нәтижелігі арнайы мүмкіндіктер деңгейіне байданысты, ал ол өз кезегінде өзге мүмкіндіктердің деңгейіне тәуелді (мысалы, қысқа қашықтыққа жүгіруге үйреткенде шапшаңдық мүмкіндіктері дамытылады, бірақ олардың дамуы күш пен шыдамдылықтың қолайлы деңгейі жағдайына тиімді болады).

Қимылға үйрету нәтижелілігі дене туралы білімнің қол жеткен деңгейімен ғана емес, дене дамуының жинақталған деңгейімен де анықталады. Білім жүйелерін және қимылды меңгерудің дұрыс ұйымдастырған педагогикалық жұмыстары дененің даму көрсеткіштерінің артуымен де қоса жүруі керек.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Е.Уаңбаев «Дене тәрбиесінің негіздері» 2000ж.
2. Т.Ш.Қуанышов «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі» Алматы 2002ж.
3. Веснин В.Р. Основы менеджмента – М: Триада ЛТД, 1996

Дәріс - 3

Тақырыбы: Дене шынықтыру басқару жүйесі.

Жоспары:

1. Дене тәрбиесінің фазасы.
2. Дене тәрбиесінің құрылымы.

Кезеңмен үйрету, оның ішінде өзара байланысты қозғалыс қимылын меңгеру ісі ұзақ уақытты алады. Қимылды игерудің белгілі бір деңгеймен сипатталатын әрбір кезеңі төмендегілермен түсіндіріледі: орындай алмайтын дәрежеден оларды толық меңгеруге дейін. Нәтижесінде, үйретудің әрбір кезеңі өз белгілеріне ие болады, соған сәйкес жеке міндеттер қоюға және тиісті құралдарды, әдістерді және жағтығуды ұйымдастыру түрін іріктеп алуға тура келеді.

Үйрету кезеңін қозғалыс дағдысының фазасымен араластыруға болмайды. Фазалар бұл қозғалыс дағдыларының қалыптасуының биологиялық заңдылықтарының шартты бейнеленуі. Кезеңдер-педагогикалық және психофизиологиялық заңдылықтарды бейнелейтін педагогикалық істің шартты түрде бөлінуі.

Үйрету құрылымын өзгеріссіз болады деп қарастыруға болмайды. Бұл үйретудің жалпы заңдылықтарын бейнелейтін кезеңдер бөліктерінің арасындағы типтік қатынастар ғана. Мұндай қатынастар үйретудің нақты міндеттеріне байланысты өзгеруі мүмкін. Егер қозғалыс қимылдарын орындаудың үлгі есебінде бекітілген түрін шеткізу педагогикалық тұрғыдан қажетсіз болса, онда кезеңдердің кезектесуі де өзгереді. Ал проблемалық оқыту қолданылған жағдайда оқытушы мұғаліммен қажетті хабарларды алмай-ақ дене жағтығуларын орындау ретімен өзінің білімі мен қозғалыс тәжірибесін жинақтай отырып қойылған міндеттерді шешеді (осында оқытудың алғашқы екі кезеңі орындарын алмастырады). Кезеңдердің ұшқығы әр түрлі болуы мүмкін: оқушының дайындық деңгейін, қимыл күрделілігіне, үйретудің ақырғы міндеттеріне және т.б.

байланысты. Мысалы, спорттық секциядағы жаттығуға қарағанда, мектептегі сабақтардың уақыты қысқа болады, оның ішінде ең үлкен айырмашылық үйретудің соңғы кезеңінде болады (спортшы жылдар бойы қозғалыс қимылын жетілдіреді).

Алғашқы кезеңдегі дайындық уақыты аз, ал соңғы кездегі оқыту кезеңі болады (қимылды бастапқы таныстыру бірнеше минутқа созылуы мүмкін, ал жетілдіру бірнеше сабақтар бойына созылады). Қозғалыс қимылына үйретуде тұтас процесін осындай кезеңдерге бөлу шарт. Олардың шекарасын да бөлуге болады (бүгін бір кезең аяқталды делік, ал келесі сабақта басқасы басталады). Бөлу шартты және қажетті: әрбір кезеңнің ерекшеліктерін білме, дағдыны қалыптастыратын қозғалыс қимылдарына үйретудің барлық ретін түсіну мүмкін емес.

Үйрету құрылымы – бұл жеке қимылға үйрету кезеңі, бірақ сабақтың мазмұнын құрайтын қимылға үйрету кезеңі емес екендігін ұмытпаған жөн. Нәтижесінде, қозғалыс қимылдар сабағы-үйрету құрылымына қанша рет жоспарлаған болса, мұғалім әрбір сабақта үйрету құрылымының көмегіне сонша рет сүйенеді. Үйретудің бірінші кезеңі бір құрылымдарға қолданылса, басқалар үшін соңғы кезеңі қолданылады. Кез-келген қимылға, тіпті қарапайым қимылға үйреткенде де тиісті дағдылары қалыптастыру қажеттілігі туындайды.

Туристік жорықтар, экскурсиялар мен саяхаттар оқушыларға жан-жақты дене тәрбиесін берудің және оларды сауықтырудың маңызды буындарының бірі болып табылады. Қазіргі кезде мектеп туризміне басшылық етудің арнайы бағдарламасы болғандықтан, мектеп мұғалімдері күнделікті туризм саласындағы жұмысында пайдалану үшін үлгі бағдарламасының төмендегідей нұсқасын ұсынып отырмыз.

Жорықтар мен саяхаттарда, экскурсиялар мен экспедицияларда оқушылар отанымыздың қуаты мен әсемдігін тереңірек түсінеді, еліміздің өткендегі тарихымен және байлығымен, қол жеткен табыстарымен, ғылымы және мәдениетімен, соғыс және еңбек ардагерлерімен танысуға мүмкіндік алады.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Т.Ш.Куанышов «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі» Алматы 2002ж.
2. П. Сабыров «Оқыту теориясының негіздері» Алматы 1993ж.

Дәріс - 4

Тақырыбы: Дене шынықтыру мен спортты басқарудың мемлекеттік органдары.

Жоспары:

1. Дене тәрбиесі теориясының мәні.
2. Дене тәрбиесінің жалпы мінездемесі.
3. Егде және қарт адамдардың дене тәрбиесінің мәні.

Дене тәрбиесінен жалпы және арнаулы білім берілгеннен кейінгі уақытта адамдар дайындығы өз бетінше дене тәрбиесінің әртүрлі тәсілдерін қолданумен шектеледі. Бұл жұмыстар ерікті спорт қоғамдағылымы түрде ұйымдастырылған мемлекеттік мекемелерде жүргізіледі.

Дене тәрбиесінің бұқаралық сипат алуын әруақытта қоғам мемлекет, кәсіподақ қолдап отырды. Дене тәрбиесінің даму жолындағы міндеттері нақты мәселелермен шектелді. Әлеуметтік демократияның дамуы халықтың әл ауқатын жақсарту үлгісін көрсетіп, әртүрлі мәселелерді қамтиды. Мысалы еңбекшілердің еңбегін ғылыммен байланыстырып, еңбек өнімділігін арттыруда денсаулығын нығайту, бүгінгі кезеңге сай жағымсыз қылықтарға қарсы жұмыс тәртібін күшейтуде дене тәрбиесінің алатын орны ерекше. Әртүрлі жағдайларға қарай отырып, дене тәрбиесінің шараларын еңбекшілердің жұмыстан бос және жұмыс уақытында бірнеше бағытта жүргізуге болады. Атап айтқанда: 1. Үй жағдайында дене тәрбиесінің гигиеналық талаптардан сақтап, жаттығулар жасап жұмыс қабілеттігін арттырып денсаулықты нығайтуға маңызы зор. 2. Жаппай бүкіл ұжым мүшелерінің денсаулығын жақсарту бағытындағы дене тәрбиесі кезекті демалыста, сонымен қатар, демалыс күндерінде тиімді шараларды ұйымдастырып уақытты дұрыс пайдаланумен шектеледі. 3. Егде және қарт адамдар үшін өткізілетін дене тәрбиесінің алдына қойған мақсаттары осы жастағы адамдардың денсаулығына байланысты жоспарланады. Жастың өсуіне байланысты инфлюциялық өзгерістер организмде өсіп жетілу гаммасы аялалмай-ақ сезіледі. Ал денедегі қолайсыз жағдайлар ауру, ауыр және ауыр тұрмыс, дене тәрбиесінің жетіспеушілігі және т.б. инволюция гаммасы тезірек жүреді.

Бұл жағдай тек қана төл құжаттағы жаспен ғана тура келе бермейді. Мысалы, кейбір қарт адамдар, жұмысқа қабілетті өзінен біраз жасы кіші адамдармен бірдей болып отырады. Адам өмірінің ұзақтығы оның материалдық тұрмысынан, әлеуметтік жағдайларының жақсы болуынан денсаулық сақтау шараларын дұрыс ұйымдастырумен

еліміздегі дене тәрбиесінің одан әрі дамып отырумен байланысты болады.

Қартаю кезінде адамның зат алмасу жұмысы нашарлап, ас қорту органдарының қызметі төмендейді. Орта жастағылар арасында семіріп май басып кету жағдайлары көп кездеседі. Негізінде 50 жас шамасында адам семіреді одан әрі қарай салмағы азаяды.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Т.Ш.Қуанышов «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі» Алматы 2002ж.
2. П. Сабыров «Оқыту еориясының негіздері» Алматы 1993ж.

Дәріс - 5

Тақырыбы: Дене шынықтыру және спорт басқаудың қоғамдық ұйымдары

Жоспары:

- 1 Мектепішілік басқару педагогикалық процесі
- 2 Басқарудың негізгі белгілері
- 3 Қоғамдық басқарудың негізгі белгілері

Мектепішілік басқару дегеніміз біртұтас педагогикалық процесске қатыстылардың барынша жоғары нәтижеге жетуді көздеген мақсатты, сапалы өзара әрекеттесуі. Біртұтас педагогикалық процесске қатысушылардың өзара әрекеті мынадай бірізді, өзара байланысты әрекеттер мен қызметтердің тізбегінен тұрады, олар педагогикалық талдау, мақсат қою және жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау, реттеу және түзету. Мектепішілік басқарудың дәстүрлі ұғымдарын жаңа ұғымдар алмастыруда мысалы, “ықпал ету” ұғымының орнына “өзара әрекеттесу”, “ынтымақтасу”, “рефлексивті басқару” ұғымдары қолданылапды. Сол сияқты мектепті теориясы мектепішілік менеджмент теориясымен толығыда. Менеджмент теориясы басшы қызметінің өзара құрметке, қарамағындағы қызметкерлерге сенім білдіруді, олардың табысты еңбек етуіне қолайлы жағдай туғызуымен ерекшеленеді. Менеджменттің осы қыры мектепішілік басқару теориясын одан ары байта түскен.

Басқарудың негізгі белгілері. Қазіргі заманның білім жүйесінің басты ерекшеліктерінің бірі – мемлекеттік басқарудан мемлекеттік-

қоғамдық басқаруға өту. Білім беруді мемлекеттік-қоғамдық басқарудың негізгі идеясы – білім проблемаларын шешуде мемлекетпен жұртшылықтың күш-қуатын біріктіру, мұғалімдер, оқушылар мен ата-аналарға оқу процесінің мазмұны мен түрін ұйымдастыру әдістерін және білім беру мекемелерін таңдауға бұрынша кең құқық пен еркіндік беру.

Білім беру жүйесінің мемлекеттік сипаты елде “Білім туралы” заң негізінде біріңғай мемлекеттік саясат жүргізілуімен ерекшеленеді. Заң аясында Қазақстан Республикасының білім саясатына басымдық берілген, яғни еліміздің әлеуметтік-экономикалық, саяси, халықаралық қатынастарындағы жетістіктері білім саласындағы жетістіктерімен байланыстырылады.

Қоғамдық басқарудың негізгі белгілері. Мемлекеттік басқару органдарымен қатар қоғамдық басқару органдары да құрылды. Оның құрамына мұғалімдер мен оқушылар ұжымы, ата-аналар мен жұртшылық өкілдері енеді. Олардың басқаруға қатысатындары мектеп ұжымында ғылыми ізденіс атмосферасын және қолайлы психологиялық климат қалыптастыруға алғы шарт қалайды. Білім беруді басқарудың қоғамдық сипатының нақты көрінісі мектеп кеңесі сияқты ұжымдық басқару органдарының қызметінен танылады. Кеңес жұмысының мазмұны мен қызметі мемлекеттік нормативтік құжаттармен айқындалады.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Е.Уаңбаев «Дене тәрбиесінің негіздері» 2000ж.
2. Т.Ш.Қуанышов «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі» Алматы 2002ж.
3. Веснин В.Р. Основы менеджмента – М: Триада ЛТД, 1996

Дәріс - 6

Тақырыбы: Оқушылардың дене тәрбиесін ұйымдастыру

Жоспары:

1. Қазіргі мектептегі дене тәрбиесі.
2. Биологиялық және педагогикалық факторларға негізделген жоспар.
3. Қозғалыстың жасалу біліктілігі.

Қазіргі талаптарды ескере отырып, мектептегі дене тәрбиесі міндеттерін толық және табысты шешу үшін табиғиортаны және адамның қозғалыс қызметі жағдайларын жақсы зерттеу қажет болады. Осы мәселенің маңызды бөліктерінің бірі – мектеп жасындағы балалардың қозғалыс функцияларын дамытудың педагогикалық аспектілерін зерттеу. Үйлесімділігі жөнінен күрделі қозғалыстарды адамның орындауы, оларды басқара отырып, бір қозғалыстан екіншісіне ауысуы, қоршаған ортаның өзгермелі жағдайларына сәйкес жаңа қозғалыс қимылдарды жылдам жасау қабілеттілігі – бұлардың бәрі де биологиялық және педагогикалық факторларға негізделген қозғалыс қызметтерінің қасиеттері. Биологиялық фактор балалар мен жеткіншектердің жас ерекшеліктеріне байланысты, оның әсері елеулі түрде олардың қозғалыс қызметтеріне әсер етеді. Оның биологиялық дамуына қозғалыс анализаторының жетілуі, үлкен жарты шар қабығындағы және жүйке ет аппараттарының жасқа байланысты ерекшеліктері (олардың функционалдық мүмкіншіліктері); биологиялық жағынан кемелденуі (жыныстық жетілуі); акселерация құбылысы; дененің даму себепкер болады. Биологиялық фактордың барлық бөлшектерін физиологтар, гигиена, морфология саласындағы ғылымдар зерттеуінде; біздер ұстаздар осыларды ескере отырып, олардың көрініс беруіне сай іс-әрекет жасауымыз керек. Алайда қозғалыстың жетілуі қозғалыс қызметінің белсенділігінің тәртібімен де байланысты. Ақырында, қозғалыс қызметінің қалыптастыру мен жетілдіру негізгі шарттарды сақтаған жағдайда ғана педагогикалық әсер ету жолымен және бірнеше шарттан тұрады.

Бірінші шарт – қозғалыс әрекеттерін үйрету. Оқушылардың қозғалыс тәжірибесі көп болған сайын, оларда жаңа қозғалыс қимыл түрлері жылдамырақ қалыптасады. Ақырында негізгі гимнастикалық ойындарын, жүзуді, шаңғымен жүруді, спорттық жаттығуларды енгізе отырып оқушыларды кең көлемде бағдарламамен оқыту қозғалыс функцияларының қалыптасуына себепкер болады.

Екінші шарт – дене қасиеттерін дамыту. Олардың дамуы қаншалықты жоғары болса, қозғалыс дағдылары да соншалықты табысты, нәтижелі қозғалыс әрекеттері де қалыптасады. 6-7 жастағы балалардың жеке қозғалыс жылдамдығына, иілгіштігіне, икемділігіне, бұлшық еттерінің тұрақты күшіне, 8-10 жастағы балалардың жылдамдығына, икемділігіне, дене бұлшық еттерінің тұрақты күшіне, 10-13 жастағы балалардың күш деңгейінің жылдамдығына, 14-16 жастағылардың ең жоғарғы күш деңгейімен жылдамдығына назар аудара отырып, барлық дене қасиеттерінің бірқалыпты дамыту қажет.

Үшінші шарт – бұлшық ет күшін жұмсау мен уақыт бойынша жасалған қозғалысты дәл бағалай білу біліктілігіне үйрету.

Осы шарттарды жүзеге асару мұғалімнің қызметіне байланысты. Қозғалыс әрекеттеріне үйрету барысында педагогикалық әсер етудің барлық шарттары өзара бірігіп іс-әрекет етуді, өйткені қозғалыс функцияларының көрсеткіштері қозғалыс дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Олардың қайсы бірін елемей, үйреті барысын кідіртеді, немесе күрделендіруі мүмкін. Дегенмен 3-ші шарттың ерекше орын алатындығын есептен шығаруға болмайды.

Қозғалысты басқару мүмкіндігі туралы айта отырып, И.П. Павлов: адам өз қимылының әрбір сәтін сезбейтін болса, онда оларды басқара да алайды – деп. атаған. Әрине қозғалыс қимылдарына оқушыларды табысты түрде үйретудің табысты шарттарының бірі – қозғалыс анализаторының дауына себепкер болатын және уақыт кеңістік пен бұлшық еттерінің күш жұмсау жәрежесі бойынша орындалатын қозғалыстарды басқару біліктілігімен тығыз байланыстағы қозғалыстарды басқару қабілеттілігі оларда тәрбиелеу керектігі түсінікті. Өкінішке орай бұл шарттар, мектептегі дене тәрбесі сабақтарында үнемі сақтала бермейді.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Е.Уаңбаев «Дене тәрбиесінің негіздері» 2000ж.
2. Т.Ш.Қуанышов «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі» Алматы 2002ж.
3. Веснин В.Р. Основы менеджмента – М: Триада ЛТД, 1996

Дәріс - 7

Тақырыбы: Басқару қызметі принциптері мен әдістері.

Жоспары:

1. Басқару. Мемлекеттік басқару.
2. Басқарудың негізгі белгілері.
3. Қоғамдық басқарудың негізгі белгілері.

Педагогикалық кеңес – бұл мектептің барлық іс-әрекетін басқарудың тұрақты органы, мұғалімдердің педагогикалық ойының ұжымдық орталығы. Педагогикалық кеңестің міндеті тұтас педагогикалық процестің сапасын арттыруға мұғалімдер ұжымының

күшін үйлестіру және біріктіру, білім беруді гуманитарландыру, ізгілендіру. Демек, оқу тәрбие, білім беру ісін қазіргі заманның талабына сәйкес басқару.

Қазіргі кездегі сабаққа қойылатын негізгі талаптар: сабақ оқытудың ұжымдық, топтық және дара формаларын ұтымды пайдалану және жетілдіру; тәрбие теориясы, мамандыққа бағдар беру, экологиялық тәрбие, экономикалық білім мәселелері; педагогикалық озат тәжірибе т.б.

Педагогикалық кеңестің мәслихаттарында басқа да мәселелер қаралады. Олар оқу тәрбие жұмысының жалпы мектеп жоспары, мектеп басшыларының және сынып жетекшілерінің есеп беру баяндамалары, оқу жылының қортындысы, мұғалімдерді аттестациялау т.б.

Жалпы басқару дегенді – шешім қабылдауға бағытталған, белгіленген мақсатқа сәйкес басқару нысанан ұйымдастыру, қадағалау, реттеу, алынған шынайы аппарат негізінде талдау жасап, нәтижесінің қортындысын шығару әрекеті деп түсіндіруге болады. Басқару нысаны биологиялық, техникалық, әлеуметтік жүйелер болуы мүмкін. Әлеуметтік жүйенің бірі аул, аудан, облыс, мемлекет көлемін қамтитын білім беру жүйесі ретінде ҚР Білім және Ғылым министрлігі, облыстық білім департаменттері, аудандық білім бөлімдерін айтамыз. Орта мектеп күрделі қозғалыстағы әлеуметтік жүйе ретіндегі мектепішілік басқарудың нысаны болады. Біз мектепті басқару немесе оның компоненттері туралы айтқанда олардың жалпы жүйесі - орта мектепті басқарудың бөліктері ретінде қарастырамыз. Ол бөліктерге тұтас педагогикалық, сынып сабан жүйесі, оқушыларға эстетикалық тәрбие, кәсіптік бағдар беру жүйесі және т.б.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Е.Уаңбаев «Дене тәрбиесінің негіздері» 2000ж.
2. Т.Ш.Қуанышов «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі» Алматы 2002ж.
3. С Қалиев «Қазақ тәлім-тәрбиесі» Алматы 2004ж.
4. П. Сабыров «Оқыту теориясының негіздері» Алматы 1993ж.
5. Т.И. Есполов, Ж.Ж. Сулейменов. Менеджмент – Алматы, 2003
6. Веснин В.Р. Основы менеджмента – М: Трида ЛТД, 1996

Дәріс - 8

Тақырыбы: Дене шынықтыру және спорттың дамуын жоспарлау мен болжау

Жоспары:

1. Дене жаттығулары.
2. Дене тәрбиесін ұйымдастыру.
3. Формалары және құралдары.
4. Спорт ойындарының дене тәрбиесіндегі орны.

Жеке адамды жан-жақты дамытуда дене тәрбиесінің маңызы өте зор. Оқушыларға арналған дене тәрбиесінің бағдарламасында көрсетілген басты міндеттерге сүйеніп, дене тәрбиесінің кейбір мәселелерін қарастырайық.

Барлық оқушылардың сабақтарда, сабақтан тыс уақытта, спорт секцияларында дене тәрбиесін күн сайын ұйымдастырып қолайлы жағдайлар жасау қажет. Әрбір мектепте, кәсіптік – техникалық училище де, барлық оқу-тәрбие мекемелерінде жабдықтармен және құралдармен жақсы жарақталған спорт залдары мен алаңдары болуы тиіс. Оқушыларға дене тәрбиесін беру үшін спорт ұйымдары мен клубтардың, кәсіпорындар мен мекемелердің базасы кеңінен пайдаланады.

Мектепте дене тәрбиесін ұйымдастыру негізгі формаларына дене шынықтыру сабақтары, сыныптан тыс және мектептен жаппай спорт жұмыстары жатады. Сабақ-дене тәрбиесін ұйымдастырудың негізгі формасы. Дене шынықтыру сабақтары мемлекеттік оқу бағдарламасына сәйкес жүргізіледі. Онда жаттығулардың тізімдері, түрлері, сонымен бірге сабақта теориялық білімді меңгерудің мазмұны берілген. Дене тәрбиесі сабақтарында оқушылардың қозғалу белсенділігін ақыл-ой іс-әрекетіне сәйкес жүзеге асырудың негізгі педагогикалық талаптары қарастырылған.

Дене тәрбиесіндегі маңызды құралдардың бірі – табиғат факторлары. Күн көз, ауа, суға шомылу, душ қабылдау сауықтыру жұмысы кезеңінде пайдалану өте тиімді болады.

Қазақ халқы материалдық мұраларға қоса мәдени қазыналарға да аса бай халықтардың бірі. Сондай қомақты дүниелер қатарына ұлт ойындары да жатады. Ұлт ойындары халықтың әлеуметтік экономикалық жағдайларына үйлесімді жасалғандай әсер береді. Қазақтың ұлттық ойындары: көкпар, күрес, теңге алу, қыз қуу т.б. спорттық сипатпен бірге үлкен тәрбиелік маңызға да ие болады.

Дене тәрбиесінің негізгі құралдары мен әдістерінің бірі ретінде көп қозғалысты ойындар сауықтыру және тәрбие, білім беру міндеттерін тиімді шешуге мүмкіндік ашады. Ойын барысында балалардың қозғалыс ширақтығы бүкіл организмде жігерлі жадай туғызады, алмасу процестерін күшейтеді, өмірлік тонустарын арттырады. Спорттық ойындар нышандары бар ойындар балалар қимыл-қозғалыс ойындарын өз бетінше ұйымдастыра білетін кезде жүргізіледі. Спорттық ойындар нышандары бар қимыл-қозғалыс ойындарына қарағанда балалардан жинақылықты, ұйымшылдықты, бақылағыштықты, айқын, қолайлы қимыл техникасын ұшқыр қимыл сезімін көбірек талап етеді. Мысалы, “Ақ серек, көк серек”, “Соқыр теке” шындап келгенде ұлт ойындары ауыз әдебиетінің бір саласы. Олай болса, ұлан – байтақ қазақ даласына ауызекі тарай келіп, ол түрленіп, өзгеріп отырған. Ұлттық ойындар көбінесе, логикалық ойлау мен математикалық, философиялық ойлауды дамытуға негізделген. Солардың төресі “Тоғыз құмалақ”. Оймен келетін ойындарды сөз еткенде шахмат, дойбы қазақтар мекендеген кезде торік заманынан белгілі екенін көсететін деректер де бар.

Сабақта, ертеңгіліктерде, сыныптан тыс шараларда, кештерде пайдаланылатын халық ойындары оқушы зердесіне бұрын қабылданған, бірақ ұмыт болған білімнің жаңғыруына және соны мен бірге бұл білімдердің нақты әрекеттерімен бекітіліп, олардың практикалық өмір сәттерінде коданылуына жағдай жасайды.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Е.Уаңбаев «Дене тәрбиесінің негіздері» 2000ж.
2. Т.Ш.Қуанышов «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі» Алматы 2002ж.
3. Веснин В.Р. Основы менеджмента – М: Триада ЛТД, 1996

Дәріс - 9

Тақырыбы: Дене шынықтыру мамандарын дайындау мен оларды орыналастыру

Жоспары:

1. Дене тәрбиесін ұйымдастыру және формалары.
2. Халқаралық Спорт Федерациясының қызметі.
3. Олимпияда өтетін қалалар.

Дене тәрбиесін ұйымдастыру формаларына дене шынықтыру, жаппай спорт жұмыс тары жатады. Дене тәрбиесі ұйымдастырудың негізгі формасы. Дене тәрбиесі мемлекетаралық бағдарламаға сәйкес жүргізіледі. Онда жаттығулардың тізімдері, түрлері, соны мен бірге дене жаттығулардың мазмұны берілген. Дене тәрбиесі бағдарламасына сәйкес спорттар: футбол, баскетбол, вэлейбол, тенис пайдаланылады. Жаттықтыру бірнеше топтарға бөлінеді: күн тәртібі ішінде физкульт-сәттер, кіріспе гимнастика, жаттығу арасында тынығу, туристік жорықтар, спорт жарыстары және т.б.

Жарысты жоспарлау негізі спорт және дене тәрбиелеу жүйесінің мақсатына сәйкес болуы керек. Олар: республикалық, облыстық, қиалық немесе дене шынықтыру коллективтердің арасында болуы керек.

Халықаралық Спорт Федерациялары МОК олимпиядалық ойындарды өткізу барысында оның спорттық, техникалық жағынан басшылық жасауды әр спорт түрі бойынша Халықаралық Спорт Федерациясына жүктейді. Мәселен, хоккей, футбол, жеңіл атлетика, суға жүзу т.с.с. Олимпияда конгресс 1984 жылы Парижде бірінші рет өтіп, онда осы заманғы олимпиядалық ойындардың теориялық негізі қаланып, Халықаралық Олимпиядалық Комитет (МОК) құрылды. Конгреске Халықаралық Спорт Федерацияларының өкілдері келісіп, олимпиядалық ойындарды өткізу жөніндегі аса маңызды мәселелерді шешеді. Қысқы олимпиядалық ойындар жазғы олимпиядалық ойындар өтетін жылдың қысында өтеді. Ол 1924 жылдан басталды. Жазғы олимпиядалық ойындар 15 күн, ал қысқы олимпиядалық ойындар 10-12 күн ішінде өтуге тиіс. Олимпияданың өту орнын МОК белгілейді. Олимпияданың өту уақытын олимпияда өтетін елдің ұйымдастыру комитеті белгілейді. Оны МОК бекітеді. Олимпияда ойындарының жарыстары олимпияда өткізу міндеті жүктелген қаладағы стадиондарда немесе қала маңындағы спорт құрылыстарында өтеді. Кәсіптік спортпен шұғылданатындар олимпиядаға қатыстырылмайды. Әр елдің спортшысы өз елінің жалауы астында ғана жарысқа шыға алады. олимпиядаға бір спорт түрін жақсы меңгерген спортшы қатыса алады.

Олимпияда Хартиясына сәйкес олимпияданы өткізу жауапкершілігі белгілі бір елге емес, қалаға жүктелдеді. Олимпиядалық ойындарды өткізуге тілек білдірген қаланың жоғары әкімшілігі өз ұсынысын сол елдегі Ұлттық Олимпиядалық Комитетке бекіттіріп, МОК-ке жолдайды. Сонымен бірге қаланың кандидатурасын сол елдің үкіметі толық жақтауы тиіс. МОК олимпиядалық ойындар өтуден 6 жыл

бұрын оны өткізетін қаланы бекітеді. Олимпиядалық ойындарды өткізуге тілек білдірген қала МОК-тың сессиясында дауысқа түседі. Егер қалалардың ешқайсысы белгілі мөлшерде қажетті дауысқа иігіше алмаса, онда ең аз дауысқа ие болған қала алынып тасталынып, дауы беру рәсімі қайта жүргізіледі. Олимпиядалық ойындар өткізу міндеті жүктелген қала МОК-тың бекіткен жоспары бойынша олимпиядаға әзірлік жоспарын бастайды. Оны сол қала ұсынылған елдің Ұлттық Олимпиядалық Комитеті тікелей бақылауға алып, іс жүзіне асырады.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Е.Уаңбаев «Дене тәрбиесінің негіздері» 2000ж.
2. Т.Ш.Қуанышов «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі» Алматы 2002ж.
3. Т.И. Есполов, Ж.Ж. Сулейменов. Менеджмент – Алматы, 2003
4. Веснин В.Р. Основы менеджмента – М: Триада ЛТД, 1996

Дәріс - 10

Тақырыбы: Дене шынықтыру және спорт принциптер мен негізгі міндеттері

Жоспары:

1. Көрнекілік принципі.
2. Жүйелік принципі
3. Реттілік принципі

Қозғалысқа үйретуді көру арқылы емес, бұлшық ет түйсігі арқылы да түсіне білу керек. әртүрлі анализаторлар белгілері оқушылардың санасында үйренетін жағтығу туралы толық түсінік тудырады. Көрнекілік принципін іске қосу мынадай жолдармен пайдаланылады. Үйрететін жағтығуды бөлшектеп немесе толық көрсетуді оқытуды болмаса жақсы дайындықтан өткен оқушы орындайды. Әртүрлі көрнекті құралдарды көрсету арқылы (суреттер, схемалар, фотолар, кинограммалар, бейнемагнитофон жазбалары т.б.) оқытушының бейнелі сөзі (баяндау, түсіндіру, талдау, бұйрық сөздер және т.б.) қозғалыс тәсілінің қиын элементтерін, қимыл-әрекеттерді іштей қайталау (ойша) кдемоторлық қайталау деп аталады. Көрнекілік принципті қолданғанда әрбір адамның жетекші анализаторы қайсы екенін ескеру керек. Бір оқушыда жетекші көру анализаторы болуы мүмкін. Көрнекілік принципін қолдану сипаты үйрену кезеңіне,

жасына және жаттығушының дайындығына байланысты. Бұл принцип түрлерін кең пайдалану сабаққа ынталықты арттырады, тапсырманы түсіну және оны орындауды жеңілдетеді.

Дене қуаты (дайындығы) қасиетін дамытудағы және қозғалысқа үйретудегі жақсы нәтиже тек дене тәрбиесі жаттығулардың жүйелі орындағанда ғана болады. Жүйелік – сабақтар арасында ұзақ үзіліс болмауы, сол арқылы жаттығушылардың дене қуаты дайындығы деңгейін түсірмеу. Сондықтан да жүйелік принципін қолданғанда өткен сабақтың ізін, өтіп жатқан сабақтың әсері басып, толықтырып жату керек. Қортындысында көп сабақтардың әсерлері қосылып, кумулятивтік әсер (жаттығушы организмнің берік бейімделу процесі) пайда болады, машықтану дайындық деңгейі көтеріледі. Сабақтар белгілі бір жүйе бойынша жұмыс және тынығу кезеңдерінің алмасуымен өтеді, бұлардың негізінде бір-бірімен байланысты организмнің болдыру және қалпына келу процесі жүреді. Бұл жүйе төрт кезеңнен тұрады:

Жұмыс кезеңі – бұл кезеңде белгілі-бір жұмыс көлемі орындалады, қозғалысты қамтамасыз ететін қуат көзі таусыла бастайды. Организмнің жұмысқа дейінгі деңгейге келе бастайды.

Жоғары өтем кезеңі. Организм жұмысқа кеткен қуатты артығымен қалпына келтіреді.

Редукциялық кезең. Күш түсіруден кейінгі ұзақ демалыста организмнің жұмыс қабілеттілігі бастапқы деңгейге келеді.

Жұмыс қабілеттілігін жақсарту кезеңі. Жұмыс қабілеттілігін жақсарту үшін жаттығу сабақтары арасындағы демалысты екі күннен әрі созбау керек. Өткен сабақтың әсері толық жоғалмай тұрғанда келесі сабақ өтілуге тиіс.

Қимыл-әрекетке үйрету және дене қуаты қасиетін дамыту белгілігіне арналған талаптар үш дидактикалық ережеден тұрады. Жеңілден-қиынға, қарапайымнан-күрделіге, меңгерген қимыл әрекетке. Бұрыннан қолданылып келген қимыл ептілігі мен енді ғана үйреніп жүрген қимыл ептілігін, бір-бірімен қауыштыра білу керек. Дене тәрбиесі процессінің бір әдістемелік ерекшелігі жаттығулардың сабақтастығын қамтамасыз ету, яғни оқу материалын жоспарлағанда өткен сабақтың мазмұны келесі сабақпен жалғасып жату қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Е.Уаңбаев «Дене тәрбиесінің негіздері» 2000ж.
2. Т.Ш.Қуанышов «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі» Алматы 2002ж.

3. Т.И. Есполов, Ж.Ж. Сулейменов. Менеджмент – Алматы, 2003
4. Веснин В.Р. Основы менеджмента – М: Триада ЛТД, 1996

Дәріс - 11

Тақырыбы: Орындауын бақылау мен тексеру

Жоспары:

1. Орындауын бақылау мен бағалаудың, тексеруі туралы жалпы ұғым.
2. Бақылау мен есепке алудың мәні.
3. Оқушылардың білім, білік дағдыларын тексерудің негізгі әдістері.

Оқыту мен тәрбие нәтижелерін есептеу мен бағалау тұтас педагогикалық процесстің маңызды компоненті болып табылады. Ол әрдайым мұғалімнің назарында болады. Педагогикалық процесстің тиімділігі мен нәтижелілігін көрсетеді. Сондықтан, жалпы оқыту процесіндегі оқушылардың білім, білік және дағдыларын тексеру мен бағалаудың қандай орын алатынын, онда оқыту, дамыту және тәрбие үшін қандай потенциалды мүмкіндіктер барын, бұл мүмкіндіктерді оқу іс-әрекетін белсендендіру үшін қалай дамытып, пайдалану керектігін, оқыту жемісті болу үшін нәтижесінене ықпал ететінін қарастыру қажет.

Бақылау мазмұнының мәні ерекше. Тексеріске ұшырайтын оқушылардың білім, білік және дағдылары болып есептелінеді. Білімдерден басқа шәкірттердің әлеуметтік және жалпы психологиялық дамуы мектеп жетістіктерін тексерудің мазмұны болып табылады. Мектеп тек білімдерді қалыптастырып қана қоймай, тәрбиелеп, дамытатын болғандықтан, мектеп жетістіктерін тексеру бағыттарында да жүргізілуі керек. Осылайша тұтас педагогикалық процесте оқу-тәрбие жұмысы нәтижелерін есептеу мен бағалау мұғалімдер мен оқушылар қызмет-әрекетіндегі құбылыстардың барлық жағынан қамтылуы керек.

Оқыту процесінің құрамды бөлігінің бірі болып келген оқушылардың білім, білік және дағдыларын тексерудің мақсаты оқушылардың оқу жұмысын бақылау мен олардың үлгерімін есептеу. Мұғалімге оқушылардың білім, білік және дағдыны толық және сапалы түрде меңгеруі аз. Оқушылардың білімдеріндегі кемшіліктерді анықтап, мұғалім он жоюға тырысады, оқушыларға ақыл-ой және практикалық жұмыс тәсілдерін үйретеді.

Оқушылардың оқуға қатынасы, дербестік, еңбекқорлық, ынталылық, берілген тапсырманы дер кезінде орындау мен оның сапасына деген жауапкершілік сияқты оқушы жеке тұлғаның бастр қасиеттерінің қалыптасуы оқушылардың білімін тексеру мен бағалау қалай жүргізілгеніне байланысты. Осылайша тексеруге тек бақылаушылық қана емес, сонымен қатар, тәрбиелілік пен дамытушылық қызметтері де тән.

Тәрбиелік жүйені кәсіби ұйымдастырудың құрамында, міндетті түрде, педагогикалық талдау компоненті болу керек, бұл талдау негізінде педагогтар тәрбие барысының дұрыстығын, оның белгілі дәрежеде жемісті екенін біле алады, ұйымдастыру шараларын етілдіріп, немесе оған уақытқа, балалар жасына, оқиғалар мен жағдайларға байланысты түзетулер негізе алады. Педагогикалық талдау – тәрбиені мәндік элементтерін бағалап талдау. Тәрбие жұмысын бағалаудың объектілігіне тәбиелік критерилерін анықтау арқылы жетуге болады.

Бақылап – зерттеуді өткізудің белгілі бір тәртібі бар: Бақылап-зерттеудің мақсаты, міндеттерін және объектісін анықтау.

Бақылап – зерттелетін құбылыстың негізгі параметрлерін анықтау (бақыланатын құбылыстың көріну дәрежесін қандай параметрлері арқылы анықтауға болады).

Бақылап – зерттеудің кестесін жасау. Ол бақылау объектісінің саны мен бақылап – зерттеуге бөлінген уақыт мөлшеріне қарай өзгеріп тұрады.

Бақылап – зерттеудің нәтижесіне талдау жасау (нәтижелер бақылап-зерттеу кестесінде белгіленеді).

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Е. Уаңбаев «Дене тәрбиесінің негіздері» 2000ж.
2. Т.Ш. Қуанышов «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі» Алматы 2002ж.
3. Т.И. Есполов, Ж.Ж. Сулейменов. Менеджмент – Алматы, 2003
4. Веснин В.Р. Основы менеджмента – М: Триада ЛТД, 1996

Тақырыбы: Есепке алу мен есеп беру

Жоспары:

1. Оқыту процесінде білімді есепке алу.
2. Есепке алудың маңызы.
3. Есепке алудың әдістері.

Оқыту процесінде оқушылардың білім, білік, дағдыларын есепке алу, бақылау және бағалау оның аса қажет құрамдас бөлігі болып есептеледі. Мұғалімнің сабақтар жүйесінде он дұрыс ұйымдастыра білуі, көптеген жағдайда оқу-тәрбие процесінің табысты болуының оң кепілі. Ол үшін, мұғалім оқушының оқу материалын мегеру жәрежесін, сапасы мен көлемін үнемі анықтап отыру тиіс. Бұл бағытта оқушылардың, сабақтар жүйесінде білім, білік, дағдыларын есепке алу, бақылау және бағалаудың маңызы ерекше.

Жоғарыда айтылған тұжырымдамаға сүйене отара, білім, білік және дағды нәтижесін есепке алу, бақылау мен бағалаудың теориялық талдауы мен практикада қолдану тәжірибесі арасында әлі де болса қарама-қайшылықтың бар екендігін байқаймыз.

Оқытуды бағалау дегеніміз, бір жағынан, мұғалімдер мен мектептердің жұмыстарын тексерудің әкімшілік-ресми тәртібі, нәтижелерін басқару шешімдерін қабылдау үшін қызмет ету. Ал екінші жағынан, оқытуды бақылау дегеніміз, мұғалімнің оқушылар білімін тексеруі мен бағалауы. Отандық ғылымда “педагогикалық диагностика” атауының қолдану аясы тар және көбінесе тәрбие саласында көбірек қолданылады, онда ол тәрбиелік деңгейдің өлшемі мен талдауын білдіріп, психодиагностикаға жақындай түседі. Оқыту процесінде қатысты “педагогика диагностикасы” атауын жоғарыда келтірілген мағынада қолданған орынды. “Бақылау” педагогикалық процесс нәтижелерін тексеру мен есепке алу сияқты дәстүрлі атаулармен де қолдануға болады.

Оқыту мен тәрбие нәтижелерін есептеу мен бағалау педагогикалық процестің маңызды компоненті болып табылады. Ол әрдайым мұғалімнің назарында болады, педагогикалық процестің тиімділігі мен нәтижелілігін көрсетеді. Сондықтан, жалпы оқыту процесіндегі оқушылардың білім, білік және дағдыларын тексеру мен бағалаудың қандай орын алатынын, онда оқыту да, дамыту және тәрбие үшін қандай потенциалды мүмкіндіктер барын, бұл мүмкіндіктерді оқу іс-әрекетін белсендендіру үшін қалай дамытып, пайдалану керектігін,

оқыту жемісті болу үшін нәтижесінен ықпал ететінін қарастыру қажет.

Оқыту нәтижесін тексерудің мәні оқушылардың белгілі бір бағдарлама, пән бойынша білім беру стандартна сай білімді мегеру деңгейін анықтау. Олайда, қазіргі педагогикада тұтас педагогикалық және жалпы психологиялық дамуы мектеп жетістіктерін тексерудің мінмұны болып табылады.

Есепке алу – бұл оқытудың белгілі кезеңінде оқушылар мен мұғалімнің жұмысын жинақтап қорыту.

Үлгерімді есепке алуда мынадай мәселелерді есепке алған жөн: оқу бағдарламасы бойынша тақырыпты және тарауды оқып-үйрену процессінде оқушылардың білімін, іскерлігін және дағдысын жан-жақты бақылау керек; әрбір аяқталған тақырып бойынша оқушылардың жұмысы туралы жеткілікті толық қортынды шығарып отыру; оқушылардың үлгерімін орта арифметикалық мәліметтерге сүйеніп бағалауға болмайды; оқушыларға байымды толық мінездеме беру үшін олардың бірнеше оқу жылындағы статистикалық үлгерім мәліметтеріне талдау жасау қажет.

Сонымен, әрбір мұғалім оқу жұмысын есепке алудың әдісін және техникасын жақсы білумен бірге оқу жұмысы жөнінде объективті мәліметтердің болу тиіс. Осы мәліметтерге сүйеніп, мектеп басшысы әрбір мұғалім жұмысының нәтижесін және дәрежесін анықтайды.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Е.Уаңбаев «Дене тәрбиесінің негіздері» 2000ж.
2. Т.Ш.Қуанышов «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі» Алматы 2002ж.
3. Т.И. Есполов, Ж.Ж. Сулейменов. Менеджмент – Алматы, 2003
4. Веснин В.Р. Основы менеджмента – М: Триада ЛТД, 1996

Дәріс - 13

Тақырыбы: Дене шынықтыру мен спортты материалды-техникалық жабдыктар

Жоспары:

1. Дене тәрбиесінің жолдары.
2. Дене жаттығулары.
3. Дене жаттығуларын педагогикалық тұрғыда жіктеу.
4. Дене тәрбиесі жүйесінің қағидалары.

Спорт түрлерімен шұғылдану кезінде дене тәрбиесі жаттығулар, табиғаттың сауықтыру күші, гигиеналық тазалық факторларына тығыз байланысты.

Дене тәрбиесі жаттығулары негізгі амал болып табылады. Өйткені ол білім беру, тәрбиелеу, сауықтыру секілді дене тәрбиесінің міндеттерін орындайды. Табиғаттың сауықтыру күші мен гигиеналық факторлар дене тәрбиесінің қосымша амалдары. Бұлар дене тәрбиесі жаттығуларымен бірге әсер етеді. “Дене жаттығуы” ұғымы адамның қимыл әрекеті және қозғалысымен тікелей байданысты. Қозғалыс-организмнің моторлы қызметі секілді, денеде және оның бөлігіндегі өзгеріс. Дене тәрбиесі үшін ерікті қозғалыстың маңызы зор. Қозғалыстың көпшілігі оқушы жаттығуының негізінде қалыптасады.

Қозғаушы қимыл әрекет дене жаттығу деп аталады, ол адамның шынығуы үшін таңдалынған. Әрбір қимыл-әрекет дене жаттығулары деп атала бермейді, ол тек дене тәрбиесі мақсатында жасалған міндеттерді шешуге бағытталған. “Дене” сөзі істелінген жұмыстың бейнесі, адам денесінің сыртқы бейнесінде және оның бөлігінде көрінеді. Дене жаттығулары, дәлірек айтқанда, ерікті акт саны қызметі болып табылады. Ал жаттығу-адамның физикалық және психикалық қасиетін арттыруға бағытталған іс-әрекет. Сонымен, дене жаттығуы, біріншіден, нақты қимыл-әрекет, ал екіншіден бірнеше рет қайталау принципі.

Дене жаттығулары дене тәрбиесі заңдылықтарына сәйкес орындалады. Тек дене жаттығуы жүйесі ғана адамның барлық органының дамуына мүмкіндік береді. Дене тәрбиесі заңдылықтарына қарай адам санасының шамасы ғылыми шарттарымен бейнеленеді. Неғұрлым дене жаттығуларының педагогикалық, психологиялық физиологиялық ерекшеліктері көбірек анықталса, соғұрлым педагогикалық мәселелерді шешу тиімді болмақ. Дене жаттығуларын үйренуде және оны басқада педагогикалық мәселелерді шешуге қолдана отырып, тиімді мүмкіндіктерді, яғни шешімін табатын мақсатты білу және үлкен жетістікке жету, екіншіден, оның құрылымы, үшіншіден, қайталау тәсілдерін игеру шешуші рөл атқарады. Бұл дене жаттығуын жасауда, құралдарды таңдауда және педагогикалық мәселелерді шешудегі дене тәрбие әдістерін анықтайды. Дене жаттығуларының тиімділігі тек аса көп жүктемелерден кейін байқалады. Дене жаттығуларының нәтижесі оны орындау тәсілдеріне де байланысты.

Оны орындауда кәсіпқойлықты функциональды өзгерістерді, шешуге белгілі бір уақытты сақтауды талап етеді.

Дене тәрбиесінің жүйесі сауықтыру бағытындағы негізгі принциптері гигиеналық шарттар болып табылады. Олардың мақсатында адам өмірін керекті дене жаттығулар варианттарын жасау. Ал екінші жағынан сол жаттығулардың тиімділігін, гигиеналық нормаларын қадағалау. Дене тәрбиесінің толық мәнді шешімін табу үшін гигиеналық тәртіпке аса көңіл бөлуі керек.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Е.Уаңбаев «Дене тәрбиесінің негіздері» 2000ж.
2. Т.Ш.Қуанышов «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі» Алматы 2002ж.
3. Т.И. Есполов, Ж.Ж. Сулейменов. Менеджмент – Алматы, 2003
4. Веснин В.Р. Основы менеджмента – М: Триада ЛТД, 1996

Дәріс - 14

Тақырыбы: Дене тәрбиесін басқару принциптері

Жоспары:

1. Дене тәрбиесінің принциптері.
2. Дене тәрбиесі жаттығуларының негізгі құралдары.
3. Тәрбие принциптерінің еркшеліктері.

Адам ағзасының негізгі қызметінің қалыптасып жетілуі баланың жасына шағында, әсіресе мектеп жасында (6-14 жаста) жүзеге асады. Сондықтан осы кезеңде оған әсер ететін факторларды барынша тиімді пайдалану қажет. Осы орайда жас ағзаның қалыпты дамуына мектептегі дене тәрбиесі мақсатты әрі жан-жақты жағдай тудырады.

Қимыл ептілігі мен дағдысын қалыптастыру және дене қуатын тәрбиелеу жалпы заңдылықтарға бағынады. Ол әдістемеден принциптер деп аталады. Принциптерді білу, оларды тәжірибеде қолдану дене тәрбиесі процесін жетілдіреді. Дене тәрбиесі процесінде төмендегідей әдістемелік принциптер тән: 1) Саналық және белсенділік, 2) көрнекілік, 3) жүйелілік, 4) біртіндеушілік, 5) реттілік, 6) даралық.

Сапалық және белсенділік принципі. Бұл принциптің мақсаты-дене тәрбиесі процесінде жаттығушылардың саналы, белсенді және шығармашылық әрекеттерін педагогикалық тұрғыдан бағыттау сапалық және белсенділік принципі мынадай талаптарды қамтиды:

1. Сабақтың мақсаты мен міндетін орындауға оқушылардың ынтасын сапалы түрде қалыптастыру.

2. Сабаққа ынталы қатысу. Дене тәрбиесі сабағы кезінде балаларға қызықты тапсырмалар беру, ойындар өткізу, жүйелі түрде баға қою, жетістіктерін мадақтау, марапаттау оқушыларды ынталандыра түседі.

Жаттығушылардың өз әрекетін байқауға, бақылауға қабілетін ояту бұл талапты орындау үшін, оқушылар жаттығуды орындаған кезде сәтті немесе сәтсіз әрекеттеріне өздері талдау жасай білеуі, орындау тәсілінен қате таба алуы, олардың пайда болуының және оны қалай түзету керек екендігін үйренулері қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Е.Уаңбаев «Дене тәрбиесінің негіздері» 2000ж.
2. Т.Ш.Қуанышов «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі» Алматы 2002ж.
3. Т.И. Есполов, Ж.Ж. Сулейменов. Менеджмент – Алматы, 2003
4. Веснин В.Р. Основы менеджмента – М: Триада ЛТД, 1996

Дәріс - 15

Тақырыбы: Дене шынықтыру мен спортты басқару әдістері.

Жоспары:

1. Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар.
2. Сыныптан тыс жұмыстарды жоспарлау.

Мектептегі дене тәрбиесі бойынша сыныптан тыс жұмыстардың есебін жүргізу, дене тәрбиесі ұжым кеңесінің жоспарына және мектептің дене тәрбиесі жөніндегі жылдық және жоспарларының орындалуына бақылау жүргізуді жеңілдетеді. Ол арнайы есеп жүргізу құжатында жұмыс істелінген саны мен сапасын көрсету арқылы жүзеге асырылады. Есеп жүргізу жауапкершілігін дене тәрбиесі мұғалімі өз мойнына алады.

Әрбір мектепте бұқаралық дене тәрбиесімен спорт жұмыстарын тіркеп отыратын “сыныптан тыс жұмыстар есебінің журналы” жүргізіледі де оның негізгі мазмұны төмендегідей болады.

Сыныптан тыс жұмыстардың барлығы негізінен дене тәрбиесі кеңесінің мүшелері, белсенділері тіркеп отырды. Дене тәрбиесі мұғалімінің міндеті белсенділерге есеп жүргізуді үйрету және оның жүргізілуін бақылап отыру.

Дене тәрбиесі мұғалімі оқу жылы аяғыда директордың қатысуымен өтетін педагогикалық кеңесте немесе мәжілісте сыныптан тыс өткен жұмыстар туралы есеп беріп отырады. Оқу жылы соңында дене тәрбиесі мұғалімі оқу жылы ішінде атқарған жұмыстары жөнінде және он талдап, жетістіктер мен кемшіліктерді көрсетіп кеплесі оқу жылында істі жақсарту ұсынысын айтып жаба есеп береді. Дене тәрбиесінің сыныптан тыс жұмыстарын жоспарлау мына құжаттар бойынша жүзеге асырылады: дене тәрбиесінің сыныптан тыс жұмыс жоспарында; бұқаралық спорт жұмыстарының күнтізбелік жоспарында; дене тәрбиесі ұжымы кеңесінің жұмыс жоспарында; секция жұмысының оқу жоспарында;

Мектептегі сыныптан тыс жұмыстың есебін жүргізу құжаттары: сыныптан тыс жұмыстардың есебін жүргізу журналы; үйірме және секция жұмыстарын жоспарлау және есеп журналы; Дене тәрбиесі жетекшісінің күнделігі.

Дене тәрбиесі ұжымы жұмысының есебін жүргізу журналы.

Студенттердің кәсіби мамандығының дайындығын көтеруде педагогикалық тәжірибенің маңызы зор. Студенттер институттағы теориялық оқуын іс-жүзінде тәжірибе жұмысымен байланыстыра отырып, жалпы білім беру мектептерінде дене тәрбиесі мұғалімдерінің жұмысын атқарады.

Педагогикалық тәжірибенің негізгі мақсаты студенттерді келешектегі жұмысымен таныстырып институтта алған теориялық әдістемелік білімін бекітіп іскелігі мен дағдысын қалыптастыру болып табылады. Педагогикалық тәжірибе негізінде мынадай мәселер шешілуі қажет:

Студенттерді оқушылармен оқу тәрбие және сыныптан тыс жұмыс жүргізілуі іскерлігі мен дағдарысын қалыптастырып жете меңгеру;

Жалпы білім беру мектепінде өтетін дене тәрбиесі сабағының құрылысын анықтау түрімен өткізу, әдістерін үйрену;

Мектеп ұжымындағы жүргізілетін дене тәрбиесі және спорттық жұмыстардың алдыңғы қатарлы басқару жолдарымен таныстыру.

Дене тәрбиесімен сауықтыру, жалпы бұқаралық спорт пен саяси тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың ерекшелігімен танысу;

Тәжірибелік жұмыс барысында өз бетінше жұмыс істеп, ол жұмысын талдап, бағалап оның қортынды нәтижелерін оқу тәрбие әдісін қолдануды жетілдіруін қалыптастыруы;

Жоспарлау, бақылау құжаттарын жасаудағы іскерлігі мен дағдысын тәжірибе жүзінде жетілдіру.

Педагогикалық практика кезінде студент практиканың мектепте орындайтын жұмысының көлемі өте үлкен болады. Жұмысты уақытында әрі тиімді пайдалы етіп орындау бірден-бір керекті жұмыс көлемін тыңғылықты жоспарлау болып табылады. Ол үшін студенттердің алғашқы күндерінен бастап істелінетін жұмыстарын апталық дербес жоспарлау жүзінде жүргізіледі.

Бұл жоспарды жұмыстың дәл орындалуымен көрсетіліп онымен методист және дене тәрбиесі мұғалімі күні бұрын танысып келісімін береді. Жоспарды орындалу барысында методист бақылау жүргізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Е.Уаңбаев «Дене тәрбиесінің негіздері» 2000ж.
2. Т.Ш.Қуанышов «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі» Алматы 2002ж.
3. Т.И. Есполов, Ж.Ж. Сулейменов. Менеджмент – Алматы, 2003
4. Веснин В.Р. Основы менеджмента – М: Триада ЛТД, 1996

Дәріс - 16

Тақырыбы: Басқарудың құқықтық факторлары.

Жоспары:

1. Құқықтық және әдістемелік негіздер
2. Бағдарламалық-нормалық негіздер

Құқықтық негіздер. Елімізді дене тәрбиесінің жүйесі, оның қалыпты қызмет етуін реттейтін белгілі бір нормативтік құжаттарға, актілерге сүйенеді. Бұл құжаттардың әртүрлі заң күші бар (қаулылар, заңдар, жарлықтар, нұсқаулар). Олардың ішінде еліміздің жаңа 1995 жылғы 30 тамызында қабылданған конституциясының алар орны ерекше (29 бап). Бұл бапқа Қазақстан Республикасының азаматтарының денсаулығын сақтауға құқылы екендігі бекітілген. №1953 қаулысында спортты және дене тәрбиесін нақтылы жақсарту шаралары бекітілген. Бұлардан басқа да ұйымдар мен мекемелердің

дене тәрбиесіменен қамтамасыз ететін, сонымен бірге қызмет көлемін анықтайтын нормативтік құжаттар да бар (олар бала-бақша, мектеп, гимназиялар, колледждер, орта және жоғары оқу орындары).

Әдістемелік негіздер. Дене тәрбиесінің заңдылықтарын және оқыту мен тәрбиелеу қағидаларын жүзеге асыру жөніндегі тиісті ұсыныстарды, сонымен қатар тұрғын халықтың әрбір әлеуметтік тобымен жаттығудың әдістері мен формаларын ұйымдастыруды, құрал-жабдықтарды пайдалану жөніндегі ұсыныстарды қамтиды. Әдістемелік негіздерде дене тәрбиесі жүйесіне тән ғылымшылықкөріністерді бейнлеу болады. Бұл орайда бастапқы теориялық ережелер және он іс жүзіне асыру ғылыми негіздеріне арнаулы теориялық және спорттық педагогикалық ғылымға сүйене отырып жасалады.

Бағдарламалық-нормалық негіздер. Тұрғын халықтың дене қимылымен бірге білім беретін мектептерді, орта арнаулы және жоғарғы оқу орындарында өткізілетін дене тәрбиесінің ең төменгі міндеті көлемін анықтап белгілейді.

Спорттың бірыңғай классификациясы. Дене тәрбиесі жүйесінің бағдарламалық, мөлшерлік негізінің ең жоғарғы, қортынды сатысы болып табылған. Ол елдің барлық спорт ұйымдары үшін спорттың разрядтар мен атақтарды беру ережелері мен қағидаларын, сонымен қатар спорттың әр түрімен спортшының дайындығына қойылатын бірыңғай мөлшерлеп талаптарды белгілеген.

Спорттық классификацияның негізгі мақсаты: спорт пен көпшілікті қимту, спортшыларды жан-жақты тәрбиелеу, олардың дайындық деңгейін арттыру және осы негізде жоғарғы спорттық көрсеткіштерге жетуді қамтамасыз ету. Классификациядағы спорт түрлері ойнау мөлшерлік талаптар шамамен әрбір төрт жылда байта қаралып отырылады.

Спорттық разрядтар мен атақтар арнаулы ережесі және календары бір спорт түрлері үшін ғана белгіленген. Оның құрамына сонымен бірге, әскери қолданбалы, кәсіптік-қолданбалы, біздің еліміздің ұлттық спорт түрлері енгізілген. Спорттың кейбір түрлері үшін разрядтың нормалары мен разрядтық талаптар бірдей енгізілген.

Ұйымдастыру негіздері. Дене тәрбиесі жүйесінің ұйымдық негіздері мемлекеттік өзін-өзі туындаған қоғамдық және басқару органдарының бір тұтас байланыстылығынан құралады. Бұл байланыс дене тәрбиесі жүйесінің бірыңғай мақсаты.

Дене тәрбиесі процесінде, қоғам талабына сай қозғалыс деңгейлерін, арнаулы білімді, табиғи күштер мен гигиеналық факторларды, алдан-ала дайындалған жаттығуларының комплекстерін

дене қабілетін арттыру үшін пайдаланса, онда педагогикалық жүйесінің бар екендігін айқындауға болады. Әрине, бұл процесс жалпы тәрбиенің өзге жақтарынанты.

Балалардың дене тәрбиесі. Бала денесін жетілдірудің педагогикалық жүйесі деп. білеміз.

Мектептегі дене тәрбиесі. Жоғарыда айтып өткендей жалпы педагогикалық жүйенің бастр бөліктерінің бірі. бұл жүйе тек мектеп қабырғасында жүргізілетін жұмыстармен шектелетіндігі айқын, мысалы, дене тәрбиесі сабақтарында, секциялық жұмыстарда.

Оқушылар дене тәрбиесі мектепте, мектептен тыс жерлерде мектеп жасындағы балалармен жүргізілетін әртүрлі жұмыстарды қамту деп. білеміз. Мектептегі дене тәрбиесін ұйымдастырудың негізгі қағидалары “Жалпы білім беретін мектеп оқушыларының дене тәрбиесі туралы ережеде” баяндалған.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Е.Уаңбаев «Дене тәрбиесінің негіздері» 2000ж.
2. Т.Ш.Қуанышов «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі» Алматы 2002ж.
3. Т.И. Есполов, Ж.Ж. Сулейменов. Менеджмент – Алматы, 2003
4. Веснин В.Р. Основы менеджмента – М: Триада ЛТД, 1996

Дәріс - 17

Тақырыбы: Халықаралық спорт қозғалысының ұйымдастыруы

Жоспары:

1. Дене тәрбиесін ұйымдастыру формалары және құралдары.
2. Қазақ халқының ұлттық қозғалмалы және спорт ойындарының дене тәрбиесіндегі орны.

Дене тәрбиесінің мақсаты – шәкірттерге оқу, еңбек және демалыс ырғағын ұтымды, оқушылардың денсаулығын үнемі бақылау жұмыс қабілетін жақсарту, оларға жағдай туғызып, қамқорлық жасау. Мектеп ғимаратында спорт өткізетін орындарға қойылатын талаптарды орындау.

Дене тәрбиесінің міндеті – оқушылардың бойында жоғары адамгершілікті сапаларын тәрбиелеу. Шәкірттің денсаулығын нығайту, жұмыс қабілетін көтеру. Спортпен шұғылдануға оқушылардың тұрақты қызығуын және қабілетін дамыту.

Мектепте дене тәрбиесін ұйымдастыру формаларына дене шынықтыру сабақтары, сыныпта және сыныптан тыс жаппай спорт жұмыстары жатады. Сабақ-дене тәрбиесін ұйымдастырудың негізгі формасы. Дене шынықтыру сабақтары мемлекеттік оқу бағдарламасына сәйкес жүргізіледі. Дене тәрбиесі сабақтары тұтас педагогикалық принциптері мен заңдылықтарының талаптарына сәйкес құрылады.

Қазақ халқы материалдық мұраларға қоса мәдени қазыналарға да аса бай халықтардың бірі. Сондай қомақты дүниелер қатарына ұлт ойындары да жатады. Ұлт ойындары халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларына үйлесімді жасалғандай әсер береді.

Ойын өнер ретінде әдебиет пен мәдениеттің сан алуан түрлері мен қабысып, бірін-бірі толықтырып байыта түседі. Ойын тек жас адамның дене күш қуатын молайтып, оны шапшаңдыққа, дәлдікке ғана тәрбиелеп қоймай, оның ақыл-ойының толысуна, есейіп өсуіне де пайдасын тигізеді.

Сыныптан тыс жаппай спорт жұмыстарына шакірттер сабақта алған теориялық білімдерін жалғастыра және толықтыра сыныптан тыс жұмыстарының барысында оқушылардың жалпы дене спорттық дайындығын жақсарту, спортқа ықыласын дамыту, өз бетімен түрлі дене жаттығулар мен айналысу міндеттері шешіледі.

Мектептен тыс жаппай спорт жұмысын оқушылардың тұрған жерлерінде, балалар және жасөспірімдерді спорт мектебінде, балалардың туристік станцияларында, ерікті спорт қоғамында, қала және қаладан тыс лагерлерде өткізеді.

Дене тәрбиесі саласында ырғақ жеке гигиена дене шынықтыру мәдениеті, туризм, спорт ерекше орындалады. Сабақтар мен сабақтан тыс дене тәрбиесі жұмыстарында күн ырғағы, дене жаттықтыру, организмді шынықтыру тамақтану гигиенасы, ұйқы т.б. жөнінде оқушылар нақты білім алуы тиіс.

Жеке адамды жан-жақты дамытуда дене тәрбиесінің маңызы өте зор. Оқушылар денесінің дұрыс дамуы, денсаулығының нығаюы, жұмыс қабілетінің спортқа, ортаның қолайсыз жағдайларына қарсы тұрады. Жақсы денсаулық адамның еңбек және қоғамның іс-әрекетіне жемісті қатысуының маңызды кепілі. Оқушылардың денсаулығына қамқорлық жасауға біздің қоғамымыз мейілінше мүдделі. Барлық оқушылардың

сабақтарда, сабақтан тыс уақытта, спорт секцияларында дене тәрбиесін күн сайын ұйымдастырып, қолайлы жағдайлар жасау қажет. Әрбір мектепте, кәсіптік-техникалық училищеде, барлық оқу-тәрбие мекемелерінде жабдықтармен және құралдармен жақсы жарақталған спорт залдары мен алаңдары болуы тиіс. Оқушыларға дене тәрбиесін беру үшін спорт ұйымдары мен клубтардың, кәсіпорындар мен мекемелердің базасы кеңінен пайдалануы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Е.Уаңбаев «Дене тәрбиесінің негіздері» 2000ж.
2. Т.Ш.Куанышов «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі» Алматы 2002ж.
3. Т.И. Есполов, Ж.Ж. Сулейменов. Менеджмент – Алматы, 2003
4. Веснин В.Р. Основы менеджмента – М: Триада ЛТД, 1996

Дәріс - 18

Тақырыбы: Дене шынықтыру мен спортты басқарудың адам тұлғасындағы даму негіздері

Жоспары:

1. Дене шынықтыру мен спортты басқарудағы дене мәдениетінің негіздері.
2. Дене шынықтыру жөніндегі білім.

Адам тұлғасының даму негіздері мектепке дейін және төменгі сыныптарда оқып жүрген жас мезгілдеріне сәйкес жалғасады. Сонымен қатар тұлғаның жан-жақты дамуы биологиялық заңдылықтарға да байланысты. Ең маңызды заңдылықтардың біріне тоқталатын болсақ, ол адамның организмінің өсіп дамуы табиғи ортаға байланысы бар екендігін атағанымыз орынды болады.

Дене мәдениеті дегеніміз жалпы мәдениеттің бір бөлігі екендігін атай отырып, қоғамның адам тұлғасының дамуына бағытталған арнайы әдістемелер мен тәсілдердің, мақсатты түрде тиімді пайдаланудың бірлігі деп ұғынуға болады. Дене мәдениетінің даму дәрежесі қоғамның әлеуметтік және экономикалық дамуының деңгейіне байланысты.

Дене мәдениетінің негіздері дегеніміз дене дайындығын, осы салақа қатысты білімді қамтамасыз ете отырып, әрбір адам баласының болашақта денесінің жан-жақты даму негізінде спорт пен дене

тәрбиесіне терең шұғылданумен бірге өмір белсенділігін арттыру деп түсінеміз. Дене мәдениетінің негіздері мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балалармен өткізілетін дене тәрбие сабақтарында қалыптасуға тиісті. Сондықтан да бала-бақшалардың және орта мектептердің бағдарламаларында дене тәрбиесі сабақтары міндетті түрде жетісіне екі рет өткізілуге тиісті екендігі атап көрсетілген. Олай болатын себебі осы жас кездерінде, жалпы дене тәрбиесінің негіздері қаланумен бірге адам бойындағы физикалық қасиеттердің қалыптасатындығын ескертуге тиістіміз. Демек орта мектебінде, сонымен бірге бала-бақшаларда өткізілетін дене тәрбиесінің маңызы орасан зор екендігін көре отырып болашақта адам тұлғасының қалыптасуының ең бір басты негіздерінің бірі деп атағанымыз жөн.

Дене тәрбиесі жөніндегі білім дегеніміз қозғалыстарға үйретудің негізгі мазмұнын құрай отырып, адамның өз қозғалыстарын басқарудағы орынды тәсілдерді меңгеру жүйесін жасайды, сол арқылы іскерліктің, дағдылардың және солармен байланысты білімдердің өмірге қажет қозғалтқыш қорын меңгереді.

Дене дайындығы дегеніміз белгілі бір іс-әрекетке байланысты мақсатты орындауға бағытталған дене тәрбиесінің мамандандырылған процессі. Ол жалпы және арнайы дене дайындығын танып білуге көмектеседі. Сонымен бірге дене дайындығы еңбекке әзірленудің, қажет десеңіз әскери қызмет етуге дайындаудың бөлінбес құрамы болып табылады.

Дене пішінінің дайындығы дегеніміз белгілі бір қызметке дене жағынан әзір болудың хал-жағдайы, яғни қолжеткен жұмыс. Істру қабілетін тұтастырған дене дайындылығының нәтижесі мақсатты қызметтің әсерлілігін арттыруға мүмкіндік беретін, жағдай жасап ұйымдасқан қолданбалы қозғалтқыштың іскерліктер мен дағдылар деп түсінгеніміз жөн болады.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Е. Уаңбаев «Дене тәрбиесінің негіздері» 2000ж.
2. Т.Ш.Қуанышов «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі» Алматы 2002ж.
3. Т.И. Есполов, Ж.Ж. Сулейменов. Менеджмент – Алматы, 2003
4. Веснин В.Р. Основы менеджмента – М: Триада ЛТД, 1996

Тақырыбы: Көрнекілік принципі.

Жоспары:

1. Көрнекілік, жүйелік принципі
2. Реттік, біртіндеушілік, даралық принципі

Көрнекілік принципі. Қозғалысқа үйретуді көру арқылы емес, бұлшық ет түйсігі арқылы да түсіне білуі керек. Әр түрлі анализаторлар белгілері оқушылардың сапасында үйренетін жаттығу туралы толық түсінік тудырады. Көрнекілік принципі мынадай жолдармен пайдаланылады:

Үйренетін жаттығуды бөлшектеп немесе толық көрсетуді оқытушы, я болмаса жақсы дайындықтан өткен оқушы орындайды.

Әр түрлі көрнекті құралдар көрсету арқылы.

Жүйелік принципі. Дене қуаты қасиетін дамытудағы және қозғалысқа үйретудегі жақсы нәтиже тек дене тәрбиесі жаттығуларын жүйелі орындағанда ғана болады.

Реттік принципі. Қимыл-әрекетке үйрету және дамыту реттілігіне арналған талаптар үш дидактикалық ережеден тұрады.

Жеңілден – қиынға. Қарапайымнан – күрделіге.

Меңгерілген қимыл-әрекеттен меңгерілмеген қимыл-әрекетке бұрыннан қолданылып келген қимыл ептілігі мен енді ғана үйреніп жүрген қимыл ептілігін, бір-біімен қауыштыра білу керек.

Біртіндеушілік принципі. Орындайтын жаттығулар тәсілі күрделеніп, күш түсіру көлемі біртіндеп өсуін біртіндеушілік принципі дейміз.

Даралық принципі. Дене тәрбиесі процесінде оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру. Даралық принципі әр адамның дайындық деңгейіне, жас ерекшеліктеріне, сыртқы орта факторларын сезіну мүмкіншіліктеріне, жұмыс істеу стиліне байланысты.

Дене тәрбиесінің нәтижелілігіне жүйедегі барлық құрал және мүмкіншіліктерді пайдаланғанда ғана жетуге болады, дегенмен оқыту мен тәрбиелеу міндеттерін шешуде дене жаттығуларының үлесіне көп салмақ түседі. Бұл жағдайлар бірнеше себептерге байланысты.

Педагогикалық қызметтің көптеген түрлерінің ішінде тек дене тәрбиесінде ғана жаттығушының денені жетілдіруге және сол қимылды игеру үшін орындауға бағытталған оқыту, үйрету процесін аңғаруға болады.

Дене жаттығулары қозғалыс жүйесі есебінде адамның ойы мен сезімін, оның өзін қоршаған ортаға қатынасын білдіреді. Бұл қағида И.Н. Сеченовтың сөзінде оның көрсетілген: “Ми қызметінен тысқары пайда болғандардың бәрі бұлшық ет қозғалысына келіп тірелуі мүмкін” дегенді.

Дене жаттығулары дене тәрбиесі саласындағы ғылыми және практикалық табыстарды, қоғамдық-тарихи тәжірибені берудің бірден-бір әдісі.

Тәрбие принциптері – бұл кеңес, нұсқау емес, олар толық және міндетті түрде тәжірибеге ұласуды талап етеді. Принциптерді дөрекі түрде әрекет бұзу және ондағы міндеттерді орындамау тәрбиелеу процесінің пәрмендігін кемітіп қана қоймай, сонымен бірге ол принциптердің негізін, түп-тамырын ыдыратады. Егер тәрбиені принцип міндеттерін бұзса, онда ол тәрбие процесі жетекшілігінен алыстатылады.

Қазіргі тәрбиелеу жүйесі мынадай принциптерді ұсынады: тәрбиенің қоғамдық бағытта болуы; тәрбиенің өмірмен, еңбекпен байланысы; тәрбиенің дұрыстыққа арқа сүйеу; тәрбие-гуманизациясы; тәрбиеге тұлғалық тұрғыдан қарау; тәрбиелік ықпалдардың бірлігі;

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Е.Уаңбаев «Дене тәрбиесінің негіздері» 2000ж.
2. Т.Ш.Қуанышов «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі» Алматы 2002ж.
3. Т.И. Есполов, Ж.Ж. Сулейменов. Менеджмент – Алматы, 2003
4. Веснин В.Р. Основы менеджмента – М: Триада ЛТД, 1996

Дәріс - 20

Тақырыбы: Дене тәрбиесінің мақсаты мен міндеті.

Жоспары:

1. Дене мәдениеті дамуын қалыптастыру
2. Дене тәрбиесінің міндеттері

Дене мәдениеті – дене табиғатын тәрбиелеудің нәтижесі. Бұл адамдардың дене дамуын қалыптастырып он пайдаланудағы материалдық және рухани байлық.

Спорт дегеніміз – түрлі жақтан арнайы мамандандырылған және адамдағы істерде жарысу арқылы өз мүмкіндіктерін жоғарғы дәрежеде көрсете білуге жан дүниесін дайындауды дене тәрбиесі ойындарында жоғары нәтижеге жетуге мүмкіндік жасайтын материалдық, әрі рухани байлық.

Атап айтқанда, біріншіден, спорт қоғамның тәрбиелеуші, дайындаушы рөлін атқарады. Екіншіден, спорт материалда, өндірістік қажеттіліктермен тікелей байланысты емес. Үшіншіден, спорт күрделі арнайы дайындықсыз болуы мүмкін емес. Төртіншіден, жоғарғы көрсеткіштер сайыс түрінде ғана салыстырылып, ерекшеленеді. Спорт қызметі жарыстар үстінде ғана анықталады. Бұл балалар спортына да қатысты.

Спортта түбегейлі түсіндіретін белгілер балалар спортында табылады. Ол арнайы дайындықпен жас ерекшеліктері ескерілген мектептен тыс жұмыс ретінде қабылдаймыз. Жасөспірімдер спортты дегеніміз-тек осы жас кезеңін қамтамасыз етеді.

Мектеп спорты жас ерекшелігіне қарай балалар спортсмен сабақтас. Алайда балалар спорты мектепте және мектептен тыс ұйымдастырылса, мектеп спорты тек мектептерде ғана ұйымдастырылады. Спорттың сан алуан белгілері түрлі жарыстық ойындар, мен гимнастикадан және туризм де де кездеседі.

Дене мәдениеті педагогика тұрғысынан алып қарағанда дене тәрбиесі дене мәдениетінің негізгі саласы болып табылатыны жоғарыда айтылады. Педагогика адамның саяси-әлеуметтік құқықты эстетикалық жағынан қоғамға лайықты болуына жауап беретін мүмкіндіктердің дамуына бағытталған мақсатты тәрбие деп атайды. Дене тәрбиесі – адамның физиологиялық жағынан дамуын қалыптастыратын педагогикалық жүйе. Дене тәрбиесінің міндеті адамның дене мәдениетінің өзіне лайықты мазмұнын меңгеруі.

Дене тәрбиесінің мақсаты: қоғамдық талап пен оған қызмет көрсету үшін халықтық дене дамытуындағы күткен нәтижесін білдіреді. Күтілген нәтиже қоғам дамуының заңдылықтарымен тығыз байланысты. Бұл мақсат қоғамда құрап, оның байлығын қорғайтын әлеуметтік талаптарына сәйкестендіріледі. Дене тәрбиесінің мақсаты жан-дүниесі рухани бай, ар-ожданы таза, Отанды қорғауда ұзақ жылдар шығармашылық еңбек етуге жарамды адамдардың физикалық дамуын қалыптастыру болып табылады. Бұл мақсат еліміздегі әр адамның қоғамдық талап пен жеке қызығушылықтарына байланысты.

Дене тәрбиесінің міндеттері: алға қойған мақсаттың шарттарына, сәйкес орындарға қол жеткізге мүмкіншіліктер туғызу. Дене тәрбиесі

жұмысында шешілуге тиіс міндеттер үш топқа бөлінеді: сауықтыру, тәрбиелік және білім беру міндеттері.

Тәрбиелік міндеттер адамның жеке басының жан-жақты дамуына рухани және дене қуатының бірлігін береді. Дене тәрбиесі бүтіндей педагогикалық салака бола тура өзінің арнайы заңдылықтарымен тәрбиенің жалпы міндеттерін атқара алады.

Білім беру міндеттері осы саладағы арнайы білімді меңгеріп, осы кимыл арқылы жүйелі білімді, дене жаттығуларын өзгертіп, оны өмірде түрлі айла-тәсілдер арқылы өз бетінше қолдануды айтамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Е. Уаңбаев «Дене тәрбиесінің негіздері» 2000ж.
2. Т.Ш. Куанышов «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі» Алматы 2002ж.
3. Т.И. Есполов, Ж.Ж. Сулейменов. Менеджмент – Алматы, 2003
4. Веснин В.Р. Основы менеджмента – М: Триада ЛТД, 1996

Дәріс - 21

Тақырыбы: Дене мәдениетінің жүйесі

Жоспары:

1. Дене мәдениетінің жүйесі
2. Дене тәрбиесі жүйесі туралы жалпы түсінік.
3. Дене тәрбиесінің мақсаты мен міндеттері.

Дене жаттығуларын пайдаланудың адамдарға әсері педагогикалық ұйымдастыру құбылысы, сондай-ақ ғылыми тұжырымдарды, басшылыққа алу деңгейіне байланысты. Осы саладағы мақсатты бағыттар дене тәрбиесі деп аталатын бүтіндей қоғамдық ұйымдарда құрайды. Дене тәрбиесінің әр жүйесі дене тәрбиесінің тиянақты-тарихи түрін бейнелейтіндіктен қойылған мақсатқа жету үшін осы немесе басқа ұйымдардан құралады. Жүйе айқын салалар құрылымымен олардың қызметі қоғамның басқа да жүйелерінің қарым-қатынас ерекшеліктерімен айқындалады.

Жүйенің ең басты қызметі-адамдардың дене мәдениетін жоғары сатыға көтеру үшін барлық осыған тікелей қатысты құралды.

Мемлекеттік дене тәрбиесінің идеологиялық бағыттағы қызметін ғана емес, сонымен қатар материалды жағынан қамсыздандыру

деңгейін (спорт кешені құрылысы, он арнайы жабдықтау, кадрларды жүйелі дайындау, төлемді анықтау), ғылыми қызмет етуді, әдістемелік әдебиеттермен жабдықтауды мақсат етеді.

Дене тәрбиесі жүйесі өз даму барысында бай мүмкіндіктерге ие. Ол қоғамның ұйымдастыру саласының бұрышынан кем жатқан жүйе болғандықтан жалпы халықтық болып танылады.

Дене тәрбие жүйесі елдің әр түрлі қоғамдық топтарының ерекшеліктеріне бағытталған өз алдына дербес қоғамдық топ өкілдерінің ерекшеліктеріне қарай сипатталады (балалар дене тәрбие жүйесі және әр түрлі қоғамдық мектеп оқушылары дене тәрбие жүйесі т.б.).

Балалар дене тәрбиесі жүйесі - әртүрлі жастағы топтардың денсаулығына жан-жақты бағытта қызмет жасайтын қоғамдық ұйым.

Дене тәрбиесі жүйесі туралы жалы түсінік

Дене тәрбие жүйесі “дене мәдениеті”, “спорт”, “дене тәрбиесі” деп аталатын салалардан тұрады. Бұл құбылысты талдаудың әр түрлі бағыттары бар. Дене тәрбиесі “дене мәдениетінің” құрылымына жалпы дене тәрбиесі, кәсіптік және спорттық бағыттағы дене тәрбиесі деп аталатын педагогикалық басты үшбағыттары бойынша кіреді. Атап айтқанда, спорт өзінің педагогикалық жағынан, яғни спорттық дайындық – білім мен тәрбиенің барлық мақсаттарна қызмет көрсететін дене тәрбиесінің бір саласын құрайды. Қазіргі әдебиеттердегі кездесетін “физикалық рекрециялық” термині белсенді демалысты қамтамасыз ету, жұмыстың басқа түріне қошті орнына келтіру үшін ауысу сияқты дене тәрбиесінің тапсырмаларының бірін айқындайды. Бұл тапсырманың шешімі ұйымдастыру жұмыстарының өзіне тән сан қилылығымен жалпы дене тәрбиесі, кәсіптік бағыттағы дене тәрбиесі арқылы бейнеленеді.

“Физикалық реабилитация” термині уақытша жоғалған немесе оқыс жағдайлар мен ауру кезінде төмендеген дене қуатын қалпына келтіру дегенді білдіреді. Дене жағтығуларын бұлай пайдаланудың медициналық емдік қасиеті бар. Бұл дене тәрбиесінің үш бағытының құндылығы-біріншіден, дене тәрбиесі жүйесінің тең құқықтылығы, екіншіден, материалды қамтамасыз ету мен жаттығатындар санының әр түрлілігі, үшіншіден, әр бағыттың шартты шекарасы мен олардың ішкі қарым-қатынасы.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Т.И. Есполов, Ж.Ж. Сулейменов. Менеджмент – Алматы, 2003
2. Е.Уаңбаев «Дене тәрбиесінің негіздері» 2000ж.

3. Веснин В.Р. Основы менеджмента – М: Триада ЛТД, 1996
4. Т.Ш.Қуанышов «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі» Алматы 2002ж.

Дәріс - 22

Тақырыбы: Дене тәрбиесінің принциптері

Жоспары:

1. Әдістемелік принциптерде көрінетін дене тәрбиесі заңдардың саналығын белсенділігі көрнектілігі мен жекелігі жүйелілігі мен қозғалмалы.
2. Дене тәрбиесі осы принциптерді нақтылай түсетін басты ережелері.
3. Дене тәрбиесінің принциптері.
4. Саналық және белсенділік принципі.
5. Жүйелік принципі.

Қимыл ептілігі мен дағдысын қалыптастыру және дене қуаты қасиетін тәрбиелеу жалпы заңдылықтарға бағынады, ол әдістемеді принциптер деп аталады. Принциптерді білу, оларды тәжірибеде қолдану дене тәрбиесі процесін жетілдіреді. Дене тәрбиесі процесіне төмендегідей әдістемелік принциптер тән: саналық және белсенділік; көрнекілік; жүйелілік; біртіндеушілік; реттілік; даралық.

Бұл принциптің мақсаты – дене тәрбиесі процесінде жаттығушылардың сапалы, белсенді және шығармашылық әрекеттерін педагогикалық тұрғыдан бағыттау. Саналық және белсенділік принципі мынадай талаптарды қамтиды.

Сабактың мақсаты мен міндетін орындауға оқушылардың ынтасын саналы түрде қалыптастыру. Егер оқушы алдына қойған мақсаттың маңызын түсініп, оның міндеттерін орындауға ынта танытса, оқу барысы тезірек, сапалы болады. Жаттығушылар алдында кезекті (жақын) және перспективалық (алыс) мақсаттар спорттық разряд алу, ЕОҚД комплексі нормасын орындау, мектептің, ауданның құрама командаларына мише болу. Кезекті мақсаттар: бір күрделі жаттығудың тәсілін меңгеру, кейбір дене қуаты қасиетін дамыту. Оқушылардың денсаулығын күшейтуге, әртүрлі дене қуаты қасиетін дамытуға ұсынылып отырған тапсырманың мәнін, маңызын айқын түсіндіре білу керек.

Сабаққа ынталы қатысу. Дене тәрбиесі сабағы кезінде балаларға қызықты тапсырмалар беру, ойындар өткізу, жүйелі түрде баға қою, жетістіктерін мадақтау, марапаттау оқушыларды ынталандыра түседі. Үйрету және тәрбиелеу процестері жаттығушылардың білімін, танымын қалыптастырады. Жаңа амалдар, әдістер, қозғалыстың жаңа элементтерін орындау, әр түрлі тәсілдер іздеу оқушыларды қызықтырады, творчестволық белсенділікке ынталандырады.

Жаттығушылардың өз әрекетін байқауға, бақылауға қабілетін ояту. Бұл талапты орындау үшін оқушылар жаттығуды орындаған кезде сәтті немесе сәтсіз әрекеттеріне алдау жасай білуі, орындау тәсілінен қате таба алуы, олардың пайда болған және он қалай түзету керек екенін үйретулері қажет. Өз көңіл-күйін, машықтылығын бақылау, жаттығу күнделігін жүргізе білу, объективті және субъективті мәліметтерге талдау жасау оқушылардың қабілетін жетілдіреді.

Қазір дене тәрбиесі сабақтарында саналы бақылауға ынталандырудың мынадай әдістері қолданылады: жаттығуды тек қана сөз қолдау лекция әдісі арқылы үйрету; мұғалімнің тапсырмасымен дене қуатының қасиетін дамыту, жаттығуларын өз бетімен іріктеп алу; жаттығуды орындаған соң, нәтижесін өзі өзі бағалауы немесе екі-екіден орындағанда бір-біріне дұрыс баға бере білу; жаңа жаттығуларды үйренгенде қозғалыс дұрыстығын сезінуге көмектесетін арнайы тренажерлер қолдану; жаттығудың орындалу сапасы туралы ақыл-кеңестерді пайдалану т.б.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Т.И. Есполов, Ж.Ж. Сулейменов. Менеджмент – Алматы, 2003
2. Е.Уаңбаев «Дене тәрбиесінің негіздері» 2000ж.
3. Веснин В.Р. Основы менеджмента – М: Триада ЛТД, 1996
4. Т.Ш.Қуанышов «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі» Алматы 2002ж.

Дәріс - 23

Тақырыбы: Дене шынықтыру топтары

Жоспары:

1. Дене шынықтыру топтарына жалпы сипаттама.
2. Дене шынықтыру топтарының мазмұны.
3. Дене шынықтыру топтарының міндеті мен мақсаты.

Дене тәрбиесі жүйесінің мазмұны қоғамның әлеуметтік экономикалық заңдылық ғылыми әдістемелік, бағдарлама нормативтік және ұйымдастыру негіздеріне көрінеді. Дене тәрбие жүйесі қоғамымыздың басқа әлеуметтік экономикалық жүйелеріне, саясатпен, ғылымымен мәдениетпен тығыз байланысты. Бұл байланыстардың объективті негізгі дене тәрбиесі жүйесінің қоғамдық өндіріске кіретіндігінде. Жүйеге қоғамдық өнім шығармасы да сол ортаға өндірістік қатынастардың иесі адам арқылы әсер етеді. Ол адамның әлеуметтік жағдайын қалыптастырып, қоғамдық қатынастарды жетілдіреді.

Дене тәрбиесі жүйесі өз жұмысын бағыттайтын құқықтық күші бар, көптеген нормативтіктерге сүйенеді.

Жалпы дене тәрбиесі жүйесі ғылыми әдістемелік негізінде құралады. Оның барлық теориялық және практикалық ұсыныстары ғылыми түрде баяндалады.

Дене тәрбиесі жүйесін қоғамының, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік биологиялық ілімдер, гигиена, физиологиялық, спорттық медицина т.б зерттейді.

Республикалық спорт классификациясы дегеніміз жасөспірімдер разрядынан бастап халықаралық дәрежедегі спорт шебері атағын беру, соның ернесін, бекітіп, тәртібімен нормативтерін белгілеу.

Ол спортта жоғары жетістіктерді жетуге жаттықтырушы жұмысын жетілдіруге мектептердің спорт орындарының жұмысын жақсартуға ықпал етеп Қазақстан спортын негізін қалайды. Спортшының классификация КСРО-да 1935 жылы қабылданды. Қазақстан Республикасының егеменді ел болып, тәуелсіздік алуына байланысты қазір елімізде классификация мазмұны мен құрылымы көп өзгерді, әліде жетілдіріліп келеді.

Дене тәрбиесі жүйесі мемлекеттік және қоғамдық негізде мектепке дейінгі балалар мекемелерін де мектептерде орта және жоғары оқу орындарында әскери бөлімдерде, емханаларда және басқа да мемлекеттік, қоғамдық мекемелерде ұйымдастырылады.

Сабақ мемлекеттік бағдарлама ресми кесте бойынша жүргізіледі. Дене тәрбиесі сабақтарын белгілі спорт саласының арнайы мамандандырылған мұғалімдері, оқу шаршылары, сондай-ақ кәсіби жаттықтырушылары нұсқаушылар жүргізеді. Қоғамдық ұйымдастыру барлық жастағы адамдарды дене тәрбиесіне неғұрлым көбірек қамтуға бағытталады.

Қоғамдық ұйымдастыру түрінің ең бастапқы ұйымы спорт клубы дене мәдениеті және спорт қозғалыстарын кәсіподақтық және ведомстволық ерікті спорт қоғамдары басқарады.

Сауықтыру дене мәдениетіне емдеу дене мәдениеті жатады. Оның мақсаты организмнің уақытша жоғалған функционалдық мүмкіндіктерін қалпына келтіру гигиеналық дене мәдениеті жаттығулар организмдерінің жұмыс істеу қабілетіне арттыруға қызмет етеді.

Дене мәдениеті қызметтерін арнаулы және жалпы дене мәдениетті қызметкері деп екіге бөледі. Жалпы дене мәдениеті қызметкерлеріне мыналар жатады. Нормативтік қызмет адамының қимыл әрекетін тиімді оқу бағдарламасын президенттік, және еліміздегі спорт разрядтарының нормаларынан тұрады. Эстетикалық қызмет әсемділікке деген күштарлыққа тең сымбаттылығы әсем қимыл-қозғалыс арқылы қанағаттандыру хабарлау қызметі адамның мүмкіндігін жетілдіру жолдарын жинақтап хабарлау.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Т.И. Есполов, Ж.Ж. Сулейменов. Менеджмент – Алматы, 2003
2. Е.Уаңбаев «Дене тәрбиесінің негіздері» 2000ж.
3. Веснин В.Р. Основы менеджмента – М: Триада ЛТД, 1996
4. Т.Ш.Қуанышов «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі» Алматы 2002ж.

Дәріс - 24

Тақырыбы: Дене шынықтыру мен спортты жетілдіруді жоспарлау.

Жоспары:

1. Жаттықтыру сабағы жаттықтыру процесін ұйымдастырудың негізгі түрлері.
2. Балалардың спорт дайындығының ерекшелігі.
3. Спорттың негізгі әлеуметтік қызметі.

Жаттықтыру процесінің ұзақтығына байланысты жоспарлаудың перспективалық және жедел деген екі түрі болады. Перспективалық жоспарлау айлық (мезоцикл), ал жедел жоспарлау апталық (ликроцикл) және жеке жаттықтыру сабақтарына арналып жасалады. Микроциклге спортшы қатысатын жарыстардың түрі, уақыты, сол жарыстағы

спортшының орындайтын міндеті, оның дайындығындағы аралық кіші міндеттер және жыл көлемінде орындалатын үлкен міндеттер сипаты, жүктеменің көлемі кіргізіледі.

Жылдық жоспар жасағанда спортшының шамасы, мүмкіншіліктері спорттық көрсеткіштерінің өсу қарқыны негізге алынады. Жоспарды спортшымен келісе отырып жасаған дұрыс. Ол жоспардың дұрыстығына сеніп, оның дұрыс орындалуына бар мүмкіншіліктерін пайдалана білуі керек. Жылдық жоспардың міндеттері жедел жәрдем жасалғанда кеңінен, нақтылы ашыла көрсетіледі. Мезоциклдер 3-4 микроциклдерден құралады да, 2-3 екпінді және 1-2 қалпына келу гөлқындары түрінде жүргізіледі.

Жаттықтыру сабағы жаттықтыру процесін ұйымдастырудың негізгі түрі болып келеді. Ол дайындық, негізгі және қортынды бөлімдерден тұрады. Дайындық бөлімінің мақсаты-спортшы денесін негізгі бөлімде отетін қарқынды, көлемді жұмысқа дайындау. Дайындық жалпы және арнайы деген екі бөлімге бөлінеді. Дайындық бөлімінде әртүрлі жалпы дайындық жаттығулары қолданылады. Мысалы, жүгіру жаттығулары, әр түрлі снарядтармен жаттығу, жалпы жаттығу, екі-екіден топтық жаттығу т.б.

Қазіргі кезде балалар спорт пен өте жас кезінен шұғылдана бастайды. Сондықтан жаттықтыру процесі не, жарыстар өткізуге айрықша көңіл бөлген жөн. жаттықтыру кезінде дене қуаты дайындығы жан-жақты дамытылуға, организмнің жұмыс істеу қабілеті арттырылуға тиіс. Психикалық және дене күші өсіп келе жатқан бала организмнің мүмкіндігіне, жасына, жынысына, дайындық деңгейіне сай болуы керек. Жаттықтыру жетісіне 3-6 рет өткізіліп, жаттығу балаларды жалықтырмайтындай әр түрлі әсерлі, көбінесе ойын түрінде болуы қажет. Организмнің бастапқы қалпына келу тәртібі, жаттықтырушының, дәрігердің ұсыныстары, ұйқы, тамақтану, дем алу тәртібі қатаң сақталғаны жөн. Жаттығулардың бастапқы кезінде толық және қарапайым қалпына тәртібі, дене қуаты дайындығының деңгейі көтерілген соң қатаң қалпына келу процесін жеңілдету үшін күндік микроциклдер пайда болады да, аздап және орта күш түсіру қалпына келу процестерінің жеңіл өтуіне себепін тигізеді. Жыныстық жетілу мерзімі кезеңінде спортшы организмнің қызметі қатаң бақылауға алынады. Бұл мерзімде жасөспірім ұл мен қызбалаларға өте күш түсіру олардың денсаулығына зиянынын тигізуі мүмкін. Әсіресе қыз балаларға айрықша көңіл бөлген жөн. Олардың жұмыс қабілеттілігінің өзгеруі, тез әсерленгіш көңіл-күйлері көбінесе етеккір келу циклдердің мерзіміне байланысты. Етеккір келер алдында және келген кезде

жаттықтыру жүктемелерін азарту. Цикл аяқталған соң, спортшы қыздардың жұмыс қабілетінің тез қалпына келуіне көмектеседі. Ал енді қыз балалар организмінің ерекшеліктері ескерілмей жүргізілген жаттықтыру жұмыстары олардың қабілетін төмендетіп, жаттықтыруға ықыласын азайтады. Жаттықтырушының беделіне, біліміне сенімсіздік туғызады.

Дене қуаты қасиеттерін, қимыл шеберлігі мен дағдысын жетілдіру арқылы жасөспірімдерді еңбекке дайындау. Спорт пен шұғылдану балалардың бойында көпшілдік, адалдық, еңбек сүйгіштік, тәртіптілік, қайсарлық, табандылық тәрізді мінез-құлықтарды қалыптастырады. Жас спортшыларды тәрбиелеуде жаттықтырушы ата-аналармен, мектеп ұжымымен тығыз байланыста жұмыс істеуі қажет. Олардың қойған талаптары бірдей болса ғана жұмыс нәтижелі болады. Тәрбиелеу өзгерістері сендіру және дағдыландыру әдістерінен тұрады. Сендіру әдісінің көмегімен спортшының ақыл-ойында қоғамның талаптарына сай мінез-құлық, жүріс-тұрыс тәртіптері қалыптастырылады. Спортшы қоғамдық орында өзін-өзі ұстауға дағдыланып, тәртіптілікке, ұжымның мүддесін ойлау сезіміне тәрбиеленіп, басқа да жақсы әдеттерді бойына сіңіруі керек. Сонда ғана ол саналы азамат болып өседі.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Т.И. Есполов, Ж.Ж. Сулейменов. Менеджмент – Алматы, 2003
2. Е.Уаңбаев «Дене тәрбиесінің негіздері» 2000ж.
3. Веснин В.Р. Основы менеджмента – М: Триада ЛТД, 1996
4. Т.Ш.Куанышов «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі» Алматы 2002ж.

Дәріс - 25

Тақырыбы: Орындалуын бақылау мен бағалау тексеру туралы жалпы ұғым.

Жоспары:

1. Орындалуы бақылау мен бағалаудың тексеруі туралы жалпы ұғым.
2. Бақылау мен есепке алудың мәні.

Мектептерде педагогикалық қызмет әрекеттің нәтижелерін есепке алу мен бағалау мектеп ішіндегі бақылау жүйесіне енгізілген. Мектеп

ішіндегі бақылау қойылған міндеттерге сәйкес тұтас педагогикалық процеске түзетулер енгізу мақсатында оқу тәрбие процесін жан-жақты тәртіптеу мен қолдау. Мектеп ішіндегі бақылау күрделі де көпжақты процесс алда барлық тұтастар сияқты заңды тәртіп ретінде бір-бірімен тығыз байланысты және әрқайсысы белгілі бір қызмет атқаратын бөліктердің тұтастығынан тұрады.

Мектеп ішіндегі бақылау жүйесі белгілі бір дидактикалық талаптарға негізделді. Бақылаудың мазмұны мен әдістеріне деген бұл талаптар үйлесімді басқару қызметін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жағдайларды анықтайды.

Қазіргі зерттеушілер бақылауға келіскендей дидактикалық талаптар болды. Бақылау мазмұнының бағдарламалық талаптарға сәйкес болуы егер талаптар төмен болса білім беру деңгейі де төмендейді ал талаптар жоғары болған жағдайда оқушыларға шамадан тыс салмақ түседі.

Алынған ақпарат мазмұнының объективтілігі мен анықтығы, оқушылар дайындығының негізгі элементтеріне талдау жасау қажеттігі. Бақылау шапшандығы, жүйелілігі мен жариялылығы.

Бақылаудың даралық және ұғымдық формаларын үйлестіру. Алынған ақпарат көлемі бойынша бақылаудың келесі түрлерін ажыратуға болады.

Жаппай бақылау мұғалім мен оқушының жұмыс жүйесінің негізгі компоненттері зерттеледі.

Тақырыптық бақылау кез-келген процестің белімі болып келетін мәселенің талдауы мен байланысты. Мектеп ішіндегі бақылаудың белгілі бір формалары бар және ол тиісті әдістер арқылы жүзеге асырылады. Бақылау әдістері мен формаларының алуан түрлілігі оның объективтігін арттырып әрбір мұғаліммен тұтас педагогикалық ұжымның іс-әрекетінің ұжымдық бағалауы үшін жағдай жасауы. Бақылаудың әрбір формасының мақсаты болуы керек, ал оқу-тәрбие жұмысының әр түрлі кезеңінде пайда болуы мүмкін қиыншылықтардың шешімін алуға жағдай жасауы керек.

Оқушылардың білім, білік және дағдыларын тексерудің негізгі әдістері. Оқу процесінің құралды белігінің бірі болып келген оқушылардың білім, білік және дағдыларын тексерудің мақсат оқушылардың оқу жұмысын бақылау мен олардың үлгерімін есептеу. Мұғалімге оқушылардың білім, білік және дағдыны толық және сапалы түрде меңгеруі аз. Оқушылардың білімдеріндегі кемшіліктерді анықтап, мұғалім оны жоюға тырысады, оқушыларға ақыл-ой және практикалық жұмыс тәсілдерін үйретеді. Білім сапасына ерекше мән береді, ол мына қасиеттермен сапалады: білімнің толықтылығы мен

ғылымилығы белгілі бір оқу пәнінің мектеп бағдарламасына сәйкес өзегі болатын негізгі ұғымы мағлұматтар, түсініктер мен ұғымдар, ережелер, заңдар, теориялар білімдерді меңгеру сапалығы оқушының ғылыми заңдар негізінде фактілерді, құбылыстарды, материалдық әлем заттарын түсіндіре алуы, білімдерді ұқсас жағдайларда қолдана алу және білімдер мен іс-әрекет әдіс-тәсілдерін жаңа жағдайларға кешіре алуы, білімдер жүйелігі жаңа түсініктер мен ұғымдардың оқушы санасындағы бұдан бұрын игерген білімдермен тығыз байланысы беріктік - жинақталған білімі саны мен іс-әрекет әдіс тәсілдерін оқушы есінде сақталуы.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Т.И. Есполов, Ж.Ж. Сулейменов. Менеджмент – Алматы, 2003
2. Е.Уаңбаев «Дене тәрбиесінің негіздері» 2000ж.
3. Веснин В.Р. Основы менеджмента – М: Триада ЛТД, 1996
4. Т.Ш.Куанышов «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі» Алматы 2002ж.

Дәріс - 26

Тақырыбы: Тәрбие жұмысының нәтижесін бағалау

Жоспары:

1. Оқушылардың білім, білік және дағдыларын тексерудің негізгі әдістері
2. Тәрбие жұмысының нәтижесін бақылау және бағалау

Тәрбие жұмысының нәтижесін бағалау. Тәрбиелік жүйені кәсіби ұйымдастырудың құрамында, міндетті түрде, педагогикалық талдау компоненті болуы керек. Бұл талдау негізінде педагогтар тәрбие барысының дұрыстығын, оның белгілі дәрежеде жемісті екенін біле алады. Ұйымдастыру шараларын жетілдіріп немесе оған уақытқа балалар жасына, оқиғалар мен жағдайларға байланысты түзетулер енгізе алады.

Педагогикалық талдау тәрбиенің мәндік элементтерін бағалап талдау. Тәрбиелік процесті бақылау, ең алдымен оқу процесінің барысында жүзеге асырылады. Өйткені негізгі тәрбие жұмысы сабақ үстінде жүргізіледі. Тәрбиелік процестің бақылауда сынып жетекшісінің сабақтан тыс жұмысын балалардың қоғамдық

ұйымдардың клубтардың үйірмелердің секциялардың іс-әрекетін сондай-ақ, осы жұмыстың жалпы нәтижелерін зерттеу ерекше орын алады.

Тәрбиелік процесті бағалау үшін кептеген сипаттамалары бар бала тәрбиелігін негізгі ұйымдары енгізіледі. Оқушы тәрбиелігі - оның жекелік дамуының педагогтар қойған мақсатқа сәйкес келу дәрежесі. Тәрбиелік процестің нәтижелігін анықтау – оқушылардың тәрбиелілік деңгейін айқындау деген сөз.

Тәрбие жұмысын бағалаудың объективтілігіне тәрбиелілік критерилерін анықтау арқылы жетуге болады. Бақылап-зерттеуді белгілі бір тәртібі бар. Бақылап зерттеудің мақсатын, міндеттерін және объектісін анықтау. Бақылап зерттелетін құбылыстың параметрін анықталады (бақыланатын құбылыстың дәрежесі қандай параметрлері арқылы анықтауға болады). Бақылап-зерттеудің кестесін жасау. Ол бақылау объектісінің санымен бақылап зерттеуге бөлінген уақыт мөлшеріне қарай өзгеріп тұрады. Егер бір оқушының мінез-құлқын бірнеше сабақ бойы бақылап зерттеу керек болса, онда оның кестесі былай болады.

Бақылап-зерттеудің нәтижесіне талдау жасау (нәтижелер бақылап-зерттеу кестесінде белгіленеді).

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Т.И. Есполов, Ж.Ж. Сулейменов. Менеджмент – Алматы, 2003
2. Е.Уаңбаев «Дене тәрбиесінің негіздері» 2000ж.
3. Веснин В.Р. Основы менеджмента – М: Триада ЛТД, 1996
4. Т.Ш.Қуанышов «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі» Алматы 2002ж.

Дәріс - 27

Тақырыбы: Дене шынықтыру мен спортты жетілдіруді жоспарлау.

Жоспары:

1. Жаттықтыру процесінің жоспарлау
2. Жаттықтыру сабағы процесін негізгі түрлері

Жаттықтыру процесінің ұзақтығына байланысты жоспарлаудың перспективалық және жедел деген екі түрі болады. Перспективалық жоспарлау айлық (мезоцикл) ал жедел жоспарлау апталық (микроцикл)

және жеке жаттықтыру сабақтарына арналып жасалады. Микроциклге спортшы қатысатын жарыстардың түрі уақыты сол жарыстағы спортшының орындайтын міндеті, оның дайындығындағы аралық кіші міндеттер және жыл көлемінде орындалатын үлкен міндеттер сипаты, жүктеменің көлемі кіргізіледі.

Әдістемелік нұсқаулар . Бақылау түрлерін және дәрілік бақылаудың жүргізілу уақыты белгіленеді. Жылдық жоспар жасағанда спортшының шамасы, мүмкіншіліктері спорттық көрсеткіштерінің өсу қарқыны негізге алынады. Жоспарды спортшымен келісе отырып жасаған дұрыс. Ол жоспардың дұрыстығына сеніп, оның дұрыс орындалуына бар мүмкіншіліктерін пайдалуына бар мүмкіншіліктерін пайдалана білуі керек. Жылдық жоспардың міндеттері жедел жәрдем жасалғанда кеңінен, нақтылы ашылып керсетіледі. Мезоциклдер (айлық цикл) 3-4 микроциклдерден құралады да, 2-3 екпінді және 1-2 калпына келу толқындары түрінде жүргізіледі. Микроцикл дегеніміз бірнеше жаттықтыру сабақтары мен калпына келу күндерінен құралған, жатақтыру процесі түрін толық біткен, бірақ қайталанатын апталық цикл. Микроциклдердегі денеге күш түсіру толқын түрінде өзгеріп тұрады. Жарыс кезінде спортшыға жоғары қалпына келу жағдайы жасалуы денеге күш түсіру дұрыс бөлінуі қажет. Күш жылдамдығының керек ететін процесс спорт түрінің жалпы дайындық кезеңі микроциклдегі жатақтыру сабақтарының мындай міндеттері бар: Тәсіл дайындығы және жылдамдыққа тәрбиелу, калпына келтіру жаттығулары, тәсіл дайындығы және күш дайындығы, арнайы төзімділікті дамыту, жалпы төзімділікті дамыту. Арнайы дайындық кезеңіндегі циклді спорт түрлерінің микроциклдегі жаттықтыру міндеттері.

Жоғарыда берілген жаттықтырулар әсері спортшының жалпы өмір сүру тәртібін толықтырады, күшейтеді, жұмыс қабілеттілігін аттырады.

Жаттықтыру сабағы жаттықтыру процесін ұйымдастырудың негізгі түрі болып келеді. Ол дайындық негізгі және қортынды бөлімдерден тұрады. Дайындық бөлімдердің мақсаты спортшы денесінің негізгі бөлімде өтетін қарқынды, көлемді жұмысқа дайындау. Дайындық жалпы және арнайы болып келеді. Дайындық бөлімде әр түрлі жаттығулар қолданылады. Мысалы, жүгіру секіру, жалпы жаттығу, топтық жаттығу т.б. Арнайы дайындық бөлімінде спорт түрінде жаттықтыру дайындық және жарыстық жаттығулар қолданылады. Дайындық бөлімінің ұзақтығы сыртқы ортаға, жаттықтыру процесінің кезеңіне, жағдайына байланысты 15-30 мин.

созылады. Негізгі бөлімнің міндет тәсілді жетілдіру және дене қуаты қасиеттері даму. Жаттықтырудың қортынды бөлімі күш түсіруден кейін спортшының организмінің қалпына келтіру процесін тездету үшін өткізіледі. Денені босату жаттықтырулары жеңіл жүгіру, спорттық және қозғалмалы ойындар қолданылады. Жаттықтыру сабақтары жеке, топтық фронтальдық, айналмалы жаттығу түрлерінде өткізіледі. Әрбір жаттықтыру сабағына конспект жазылады. Конспектіде жаттықтыру өткізу күні ұзақтығы міндеттері, құрал жабдықтары, жаттықтыру мазмұны, жаттықтыруларды орындау соны әдістемелік нұсқаулар көрсетіледі. Жаттықтыру процесі барысында қоланылған әдістер мен амалдардың негизгі деңгейін анықтау үшін бақылау мен бағалауды қолдауы қажет.

Бақылау сапалы болу үшін спортшының жаттықтыру мен жарыс жүктемелерін, амалдары тізімдеп қағазға түсіріп отыру керек. Бақылау спортшы дайындығының өсу деңгейін білу үшін ғана емес, артық жаттығып болдыру деңгейі екі түрге белінеді. Ұзақ психикалық қозудан тынышсызданған (мысалы жиі өткен жарыстар) және ұзақ психикалық тежелуден (мысалы бір сарында жаттықтыру зорығу). Артық жаттығу түрлері күш түсіруге көп байланысты. Ұзақ мерзімде қайталанған көп күш түсіру екінші түріне әкеліп соқтырады. Жаттықтырушылар артық жаттыққанда спортшыны әбден титықтатып тастайтын мынадай қателерді білу керек; жаттықтыру әдістемесіне қателігі (біртіндеушілік принципі сақтамау, көп күш түсірудің арасында демалу уақытының аздығы өте көп жарыста және т.б.) спорт тәртібінің бұзылуы (түнгі ұйқының аз болуы дем алу жағдайының нашарлығы, теледидарды, кинофильмдерді көп көруі т.б.) әлеуметтік ортаның жаман әсері (сабақтың ауырлығы, көптігі нашар оқу үлгерімі, мектептегі, отбасындағы ұрыс керістер маңайындағы адамдардың спортқа деген нашар көз қарасы) денсаулықтың бұзылуы.

Жұмысқа қабілеттілігі азайғанға дейін де артық жаттығып болдыра бастаудың белгілері біліне бастайды. Бірінші кезеңде спортшы психикасының өзгеруі (тынышсыздық сенімсіздік, әлсіреу т.б.) екі кезеңде.

Организм қызметінде өзгеріс пайда болады (ұйқы нашарлайды, тамаққа тәбет жауады, салмақ кемиді, ішек асқазан жолдарының жұмысы бұзылады. Спортшы тез терлейді тез қалпына келе алмай, әл жинау нашарлайды т.б. Үшінші кезеңде жұмыс қабілеті нашарлайды. Басында қимыл үйлесімсіздігі, сонан соң қозғалыс қасиеттерінің деңгейі төмендей бастайды. Сондықтан бірінші болдыру белгілері

біліне бастағанда ақ жарыс жаттығуларын доғарып ауыртпалықты аз бере бастауы қажет.

Қалпына келу процесіне белсенді демалыс, денені уқалау т.б. жатады. Жаттықтыруды мүлдем тоқтатып қоюға болмайды ол кері әсерін тигізуі мүмкін. Жоғарыда айтылған болдыру белгілері жоғалған соң біртіндеп жаттықтыру жоспары көлемін сонан соң, күш түсіру қарқынын көбейтіп жаттықтыруды одан ары жалғастыра беруі қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Т.И. Есполов, Ж.Ж. Сулейменов. Менеджмент – Алматы, 2003
2. Е.Уаңбаев «Дене тәрбиесінің негіздері» 2000ж.
